



ҚАЗАҚ-ӨЗБЕК ҰНТЫМАҒЫ АРТА БЕРМЕК



Қасым-Жомарт Тоқаев Шавкат Мирзиёевті туған күнімен құттықтап, бауырлас өзбек халқының игілігі жолындағы жауапты мемлекеттік қызметіне табыс тіледі.

Сонымен қатар Шавкат Мирзиёевтің парасатты басшылығының арқасында Өзбекстан әлеуметтік-экономикалық даму мен халықаралық беделін арттыруда мол табысқа қол жеткізіп, кешенді реформалар арқылы сенімді түрде ілгерілеп келе жатқанына назар аударды.

Мемлекет басшысы Өзбекстан көшбасшысының екі ел арасындағы достық және тату көршілік рухындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастық қарым-қатынасты нығайтуға қосқан үлесін жоғары бағалайтынын атап өтті.

Тараптар бүгінде қазақ-өзбек ынтымақтастығы қарқынды екенін атап өтіп, сауда-экономикалық, көлік-логистикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы байланысты тереңдету перспективасын талқылады.

Президенттер өңірлік және халықаралық күн тәртібінде өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасып, алдағы кездесулер кестесін қарастырды.

ЖАСТАР ПРАКТИКАСЫ:

МИЛЛИАРДТАР ЖҰМСАЛДЫ,
НӘТИЖЕ ҚАНДАЙ?




«Жастар практикасы» бағдарламасы Қазақстанда 2011 жылы енгізілді. Оның мақсаты – жоғары және техникалық, кәсіптік білім беру ұйымдарын соңғы бес жыл ішінде тәмамдаған, жұмыс тәжірибесі жоқ немесе еңбек өтілі аз жастарға алғашқы жұмыс тәжірибесін жинауға мүмкіндік беру. Бағдарламаға қатысушылар бір жылға дейін жұмыс істеп, осы уақыт ішінде 30 АЕК мөлшерінде жалақы алады. Бұл қаражат мемлекеттік бюджеттен төленеді.

→ 9

ЖОЛДЫҢ «ЖАДЫ» ОЯНҒАН ШАҚ

Цифрландыру бұрын мемлекеттік қызметті, көбіне ірі қалаларды қамтитын құбылыс секілді қабылданса, енді ол тасжолдағы тыныс-тіршілікке белсенді араласа бастады. Президент тапсырмасымен қолға алынған цифрлық трансформация бүгінде республикалық автожолдарды басқару тәсілін ғана емес, жолдың өзін де «ақылды» инфрақұрылымға айналдырып жатыр. Ал цифрлық түлеумен бірге жолдарға түрлі инновациялық технология ендіріліп жатыр.

→ 6



КВАНТТЫҚ КЕЗЕҢНІҢ КӨКЖИЕГІ



Majorana 2-нің басты ерекшелігі – оның құрамындағы кванттық биттердің, яғни кубиттердің тұрақтылығы. Кванттық компьютердің қуаты да, болашағы да осы кубиттердің сапасына тікелей байланысты. Бұрын кубиттер кванттық күйін өте қысқа уақыт қана сақтайтын. Ал жаңа чипте бұл көрсеткіш айтарлықтай жақсарған. Мамандардың айтуынша, кубиттердің тұрақтылығы мың есе артқан.

→ 16

ӘСКЕРГЕ ҒАНА ЕМЕС, ӨМІРГЕ ДЕ ҚАЖЕТ САБАҚ

Орта мектептердің 10-11-сыныптарына арналған пән жобасы бірден жаңашылдығымен көзге түсті. Жаңа мазмұндағы білім беру бағдарламасы мен оқулық жобасы әлемдегі технологиялық, ақпараттық, геосаяси трендтер мен құбылыстарды ескере отырып әзірленген. Жобаны талқылауға «Әскери-стратегиялық зерттеулер орталығы» АҚ мамандары, сарапшылар, әскери қызметкерлер қатысты.

→ 7



САЯСАТ

25 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ

АЙБЕК ДӘДЕБАЙ: «ТҮРКІСТАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ МӘСЕЛЕСІ БАҚЫЛАНАДЫ»



«Әділет» партиясының сайлауалды кездесулері Түркістан облысынан басталды.

Түркістан қаласындағы конгресс-холлда зиялы қауым және қоғам өкілдерімен өткен басқосудан «Әділет» партиясының Төрағасы Айбек Дәдебай Түркістан облысының ел үшін айрықша маңызын айтып, өңір тұрғындарымен ашық диалог құрудың мәніне тоқталды.

Кездесу барысында тұрғындар елді мекендерді ауызсумен қамтамасыз ету, газдандыру, жол, жайылым және суармалы жер тапшылығы, жұмыссыздық, сондай-ақ шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау тетіктерін жетілдіру мәселелерін көтерді.

Тұрғындардан түскен барлық ұсыныс пен өтініш Республикалық сайлауалды штабтың алдағы жұмысы үшін тіркеуге алынды.

ЖСДП ОРТАЛЫҚ САЙЛАУАЛДЫ ШТАБЫН АШТЫ

Астанада Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының Орталық сайлауалды штабы ресми ашылып, үгіт-насихат науқаны салтанатты түрде басталғаны жарияланды.

Шара барысында партияның «Прогресс жолындағы 20 белес!» атты сайлауалды бағдарламасы және Құрылтай депутаттығына ұсынылған кандидаттар таныстырылды. Сонымен қатар өңірлік сайлауалды штабтар желісінің жұмысы ресми түрде іске қосылды.

Штаб жұмысы барысында азаматтармен тікелей байланысудың интерактивті форматтарына ерекше назар аударылды. ЖСДП төрағасының орынбасары Талғат Омаров сайлауалды науқан аясында бұл жаңа жобалар тоқтаусыз жұмыс істейтінін айтты.

Партия сайлау науқаны барысында «Халықпен тікелей байланыс», «Халық телефоны» акцияларын және сайлау науқаны қарсаңында «Болашақ Құрылтайға хат» жобасын іске қосты.



«БАЙТАҚ» ПАРТИЯСЫ ШТАБ ЖҰМЫСЫН ЭКОМАРАФОНМЕН БАСТАДЫ



«Байтақ» жасылдар партиясы Құрылтай депутаттары сайлауына арналған үгіт-насихат науқанын экомарафонмен бастады. Марафонға 200-ден астам адам қатысты.

Акция таңғы уақытқа жоспарланған. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл уақытта қалада көлік қозғалысы аз, демек қоршаған орта мен ауа барынша таза болады. Экомарафонды партия төрағасы Азаматхан Әміртаев

бастады. Қатысушылар 2,5 шақырым қашықтықты жүгіріп өтті.

«Байтақ» алдағы саяси додаға елдегі алғашқы әрі жалғыз экологиялық партия ретінде түсіп отыр. Оның сайлауалды бағдарламасында таза ауа, су, азаматтардың денсаулығы, азық-түлік қауіпсіздігі, өңірлердің тұрақты дамуы және «жасыл» экономика арқылы жаңа жұмыс орындарын құру мәселелері қамтылған.

ҚХП КАНДИДАТТАРЫ ПАВЛОДАРҒА БАРДЫ

ҚХП Республикалық сайлауалды штабының жетекшісі, партия төрағасы Нұрсұлтан Шоқанов бастаған делегация Павлодар қаласына аттанды. Олар «СтеклоМир» ЖШС, «Тотал-Сервис» ЖШС және ENERGY SERVICE – PVL ЖШС еңбек ұжымдарымен кездесті.

Кездесу «ашық микрофон» форматында жалғасты. Жиынның модераторы, ҚХП-дан депутаттыққа кандидат Ислам Сұңқардың айтуынша, мұндай

кездесу — сайлауалды науқанның кезеңі ғана емес, ашық әрі шынайы пікір алмасуға берілген мүмкіндік.

Кандидаттар Павлодардың бірегей кеме жөндеу зауытына жерін алып қою және кәсіпорынның жұмысын тоқтату қаупі төнген кезде ҚХП дабыл қаққанын еске салды. Сонымен қатар ұсынып отырған әлеуметтік реформаларымен еңбек құқығын қорғауға бағытталған бастамаларын таныстырды.



«АУЫЛ» ПАРТИЯСЫНЫҢ КАНДИДАТТАРЫ ЕҢБЕК ҰЖЫМЫМЕН КЕЗДЕСТІ

«Ауыл» партиясынан Құрылтай депутаттығына кандидаттар Дәурен Бадамұратов, Жазира Сұлтанқұлова, Ұлан Абдыханов, Дәурен Рахымбек, Ильяс Досхожаев және Ерали Білеш Астана қаласындағы «СтальЦинк» ЖШС еңбек ұжымымен кездесті.

«СтальЦинк» ЖШС — жол және көпір инфрақұрылымына арналған барьерлік қоршаулар мен өзге де мырышталған металл бұйымдарын өндіруге маманданған кәсіпорын.

Кәсіпорын қызметкерлерімен кездесу барысында кандидаттар «Ауыл» партиясының «Гүлденсе ауыл, гүлденеді еліміз!» сайлауалды бағдарламасының негізгі басымдықтарын таныстырып, өндірісті дамыту, еңбек адамының



мәртебесін арттыру, өнімдердің әлеуетін күшейту және кәсіпкерлікті қолдау бағытындағы бастамаларға тоқталды. Сондай-ақ еңбек ұжымының сауалдарына жауап беріп, ашық пікір алмасты.

Іс-шара соңында кандидаттар кәсіпорын ұжымына табысты еңбек пен жаңа өндірістік жетістіктер тілеп, алдағы сайлауға белсенді қатысып, өз азаматтық ұстанымдарын білдіруге шақырды.

АҚ ЖОЛ: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕНІ ҚОРҒАУ – БАСТЫ НАЗАРДА



Ақ жол демократиялық партия төрағасы Дания Еспаева мен республикалық штабының мүшелері сайлаушылармен кездесіп, сайлауалды бағдарламасын таныстырды.

Жиында спикерлер елдегі өзгерістерге тоқталып, мемлекет дамуының негізі ұлттық мүддені қорғау екенін баса айтты.

Жемқорлық, бюрократия және монополияны жоюдың басты құралы ретінде шынайы демократия, биліктің есептілігі мен құқықтық мәдениет аталды. Әлеуметтік бағытта сапалы білім, медицина, қолжетімді баспана және жұмыс орындарын ашу арқылы кедейлікті толық жоюды көздейді. Экономикалық блок шағын және орта бизнесті қолдауға негізделсе, сыртқы саясат ел мүддесін прагматикалық тұрғыда қорғауға бағытталуы тиіс.

«Ақ жол» тек бірлескен күш-жігермен ғана қуатты әрі әділетті Қазақстанды құруға болатынына сенім білдіріп, азаматтармен ашық диалогты жалғастыра береді.

RESPUBLICA: ҚАРАҒАНДЫ ФЕРМЕРЛЕРІНІҢ ЖҰМЫСЫ ЖЕҢІЛДЕДІ



Respublica партиясының төрағасы Айдарбек Қожаназаров Құрылтай депутаттығына кандидаттар мен партия белсенділерімен бірге Қарағанды облысындағы «Баймырза Агро 2018» ЖШС және «Нур СХ» ЖШС кәсіпорындарына барды.

Кездесу барысында партияның сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттары таныстырылып, аграрлық сектордағы өзекті мәселелер талқыланды. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер Қазақстанның өсімдік сұрыптарын қорғау жөніндегі халықаралық UPOV жүйесіне қосылуы мәселесін көтерді.

Партияның «Шешімдер фабрикасы» жобасының нәтижесінде фермерлердің шығыны азайып, олардың жұмысы жеңілдегені туралы айтылды. Осы бастама аясында картоп өндірушілердің ұсыныстары ескеріліп, биржа арқылы міндетті өткізу шегі 60 тоннадан 500 тоннаға дейін ұлғайтылған-ды.

Respublica өкілдері мұндай кездесулердің сайлауалды науқан барысында еліміздің барлық өңірінде жалғасатынын атап өтті.

ЕЛ АБЫРОЙЫН АСҚАҚТАТҚАН АРУ

Қонаев қаласының өнері халықаралық аренада биіктен көрінді. Беларусь Республикасының Витебск қаласында 14–20 шілде аралығында өткен «Славян базары – Витебск-2026» халықаралық эстрадалық ән орындаушылар байқауында Қонаев қалалық мәдениет үйінің әншісі Ақерке Амалят I орынға ие болды.



Осы айтулы жеңіске орай Қонаев қаласының әкімі Асхат Бердіханов өнерпазды арнайы қабылдап, Алғысхат пен 1 миллион теңгенің сертификатын табыстады.

— «Славян базары» — әлемдік деңгейдегі беделді өнер байқауларының бірі. Биыл 19 мемлекеттің таланттары бақ сынаған додада сіздің жеңіске жетуіңіз тек жеке жетістік емес, бұл — Қонаев қаласының мәдени әлеуетінің, қазақ өнерінің биік деңгейін әлемге танытқан үлкен жеңіс. Барша қала тұрғындарының атынан сізге алғысымды білдіремін. Алар асуыңыз биік, өнер жолыңыз әрдайым жарқын болсын! Сізге зор денсаулық, сарқылмас шабыт және жаңа жеңістер тілеймін, — деді шаһар басшысы.

Салтанатты кездесуде әншіні қолдаған демеуші, Қонаев қалалық Қоғамдық кеңесінің төрағасы Сергей Горяной да құттықтап, ізгі тілегін жеткізді.

Өз кезегінде Ақеркенің анасы Гүлнұр Зұлқаршынкызы қызының жетістігіне қуанып, қолдау көрсеткен Қонаев жұртшылығына алғысын білдірді. Кездесу соңында ол қала әкіміне өзінің төл туындысын тарту етіп, ризашылығын жеткізді.

М.ТӨЛЕУ



БАҒДАР

25 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ



ДАУЫС БЕРУ ҚҰҚЫҒЫН БЕРЕТІН ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ КУӘЛІГІ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Қазақстан азаматтары тиісті сайлау учаскелерінің аумағындағы тұрғылықты жері бойынша дауыс береді.

Сайлаушы өзінің болатын жерін ауыстырған кезде дауыс беру күніне он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап учаскелік сайлау комиссиясына өз өтініші бойынша және жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін ала алады.

Есептен шығару куәліктерін беру дауыс беру күнінен бір күн бұрын, яғни 2026 жылғы 22 тамызда жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізде тоқтатылады.

Есептен шығару куәлігін сенімхат бойынша алуға рұқсат етіледі. Сенімхатты нотариатта куәландыру талап етілмейді.

Есептен шығару куәлігі жоғалған жағдайда ол қалпына келтірілмейді және оның телнұсқасы берілмейді.

Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігі бір елді мекеннің шегіндегі басқа сайлау учаскесінде дауыс беруге қатысқысы келетін сайлаушыларға берілмейді.

Уақытша болатын жері бойынша сайлау учаскесінде дауыс беру кезінде учаскелік сайлау комиссиясы сайлау күні сайлаушыны жеке басын куәландыратын құжаттың негізінде сайлаушылар тізіміне енгізіп, есептен шығару куәлігінің орнына дауыс беруге арналған бюллетень береді.

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы

ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА
БАСТАР ЖОЛ

«Заң және Тәртіп» жалпыұлттық идеологиясын іске асыру аясында елімізде алғаш рет Қарағанды облыстық прокуратурасы мен әкімдігі ұйымдастырған «Жарқын болашаққа бастар жол» форумы өтті. Жиынның басты тақырыбы – пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтарды қоғамға қайта бейімдеуде жұмысқа орналастыру, білім алу және қоғамның қолдауы. Осы форум аясында шалыс қадам жасаған адамға екінші мүмкіндік беру және қайта құқықбұзушылық жасау қаупін азайту жолдары талқыланды.

Әдебиет
БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Қазір мемлекет, бизнес және қоғамдық ұйымдар заң бұзған азаматтардың қалыпты өмірге қайта оралуына қолдау көрсету үшін күш біріктіріп отыр. Негізгі мақсат – оларды тек жұмыспен қамту ғана емес, сонымен қатар мамандық менгеруге, әлеуметтік байланыстарын қалпына келтіруге мүмкіндік жасау.

Форумды ашқан Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев өңірде пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтарды қолдауға бағытталған кешенді шаралар бүгінде жүйелі түрде жүзеге асырылып жатқанын атап өтті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қылмыстық-атқару жүйесінің басты мақсаты тек жазалау ғана емес, адамның түзелуіне көмектесіп, оны қоғамдағы толыққанды өмірге қайта бейімдеу екенін ерекше атап өтті. Мемлекет жаңа мүмкіндіктерге жол аша алады, жұмыс берушілер еңбек орнын ұсына алады. Алайда жаңа өмірге қадам жасауды адамның өзі ғана тандайды, – деді өңір басшысы.

Қарағанды облысының прокуроры Мұрат Тілеубердиев өңірде пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтарды қайта әлеуметтендіру бағытындағы жүйелі жұмыстар жалғасып жатқанын атап өтті.

– Бүгінде облыстың пробация қызметінің есебінде мыңнан астам азамат тұр. Жергілікті атқарушы органдардың, жұмыспен қамту қызметтерінің және жұмыс берушілердің бірлескен жұмысының нәтижесінде жүздеген азамат тұрақты жұмысқа орналастырылды. Кәсіптік оқыту және әлеуметтік көмек көрсету бағдарламалары жүзеге асырылып келеді. Әлеуметтік сүйемелдеуді ұйымдастыруда мемлекеттік органдардың жұмысын біріктірген Socium цифрлық платформасы мен FSM Social мобильді қосымшасының енгізілуі маңызды қадам болды. Бұл жүйелер арқылы азаматтарға

жұмысқа орналасуға, құжаттарын қалпына келтіруге, медициналық көмек, білім алу, әлеуметтік төлемдер рәсімдеу және өзге де өмірлік маңызды мәселелерді шешуге жан-жақты қолдау көрсетіледі. Егер бүгінгі форумнан кейін адамдар өз өмірін өзгертуге болатынына сенсе, жұмыс берушілер өз кәсіпорындарының есігін айқара ашса, ал мемлекеттік органдар дер кезінде қажетті қолдау көрсетсе, көптеген отбасы ертеңгі күнге деген сенімін қайта нығайтады, – деді Мұрат Тілеубердиев.

Жұмыспен қамту бағытындағы жұмыстар бүгінде нақты нәтижесін беруде. Жыл басынан бері облыста 600-ден астам жұмыс берушінің қатысуымен 60 бос жұмыс орындары жәрменкесі ұйымдастырылды. Сонымен қатар пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтар үшін квоталанған жұмыс орындары да бөлінуде.

Осындай мүмкіндікті пайдаланғандардың бірі – қарағандылық Олжас Ерсайин. Пробация қызметінің есебіне қойылғаннан кейін оған «Қарағанды-Нан» кәсіпорнына ресми түрде жұмысқа орналасуға көмек көрсетілген. Қазір ол мұнда жарты жылға жуық уақыт еңбек етіп келеді.

– Пробация қызметінің есебіне тұрған кезде менің тұрақты жұмысым болған жоқ. Мансап орталығы арқылы жұмысқа орналасуға көмектесті. Қазір тұрақты жалақы алып жүрмін әрі осы жерде еңбек етуді жалғастырғым келеді. Адамға жұмыс табуға қолдау көрсетілсе, оның жаңа өмір бастап, адал еңбекпен болашағын құруға мүмкіндігі пайда болады, – дейді Олжас Ерсайин.

Форумның практикалық қорытындысы ретінде ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Басқосудың екінші бөлімінде қатысушылар адамның жіберген қателігінен кейін қоғамдағы толыққанды өмірге қайта оралуында отбасының, білімнің, еңбектің және қоғамдық қолдаудың рөлін талқылады. Форум аясында арнайы жұмыс жәрменкесі де ұйымдастырылды.

БАУЫРЛАС ЕЛДЕРДІҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Ақтауда Премьер-министр Олжас Бектенов пен Өзбекстан Республикасының Премьер-министрі Абдулла Арипов Қазақстан мен Өзбекстан өңірлері басшылары кеңесінің бірінші отырысына қатысты.

Олжас Бектенов өз сөзінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен Қазақстан дамудың жаңа кезеңіне қадам басқанын атап өтті. Жаңа Конституцияны жүзеге асыру ұлттық экономиканы нығайту, инвестициялық тартымдылықты арттыру, бизнес үшін барынша қолайлы жағдай жасау және халықаралық ынтымақтастықты кеңейту үшін берік институционалдық негіз қалыптастырады.

«Біз бауырлас Өзбекстанмен стратегиялық әріптестік пен одақтастық қатынастарды жан-жақты дамытуға ерекше мән береміз.

Өңірлер басшылары кеңесінің құрылуы мемлекеттеріміз арасындағы қарқынды саяси диалогтың дәйекті жалғасы болып, өзара сенім мен тату көршілікке негізделген ықпалдастықты кеңейтуге жана мүмкіндіктер ашадy. Сонымен бірге елдеріміз арасындағы сауда-инвестициялық байланыстарды одан әрі жандандыруда өңіраралық қарым-қатынастар орасан зор рөл атқарады. Кеңес жұмысы екі мемлекет басшыларының белгілеген көрсеткіштерін 10 млрд долларға дейін ұлғайту міндетіне қол жеткізуге елеулі үлес қосатынына сенімдімін», – деп атап өтті Олжас Бектенов.

Жиын қорытындысы бойынша Қазақстан мен Өзбекстан өңірлері арасында бірқатар меморандумға, сондай-ақ жалпы сомасы 80 млрд теңгеден астам коммерциялық құжаттарға қол қойылды. Жаңа уағдаластықтар бауырлас елдер мен шекара маңы байланыстарын нығайтуға, бірлескен жобаларды жүзеге асыруға және Орталық Азияның орнықты экономикалық дамуына ықпал етуге тиіс.

НАРЫҚ

25 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ

Қазақстанда зейнетақы жүйесіне қатысты кез келген өзгеріс миллиондаған азаматтың болашағына тікелей әсер етеді. Себебі Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы қаражат – бүгінгі емес, ертеңгі күннің қаржылық кепілі. Сондықтан зейнетақы жинақтарын инфляция деңгейіне қарай индексациялау мәселесі қоғамда қызу талқыланып отыр.

А Кәмила ДҮЙСЕН

Экономистердің пікірінше, бұл мәселені тек әлеуметтік тұрғыдан емес, экономикалық тиімділік тұрғысынан да бағалау қажет. Өйткені сөз жеке азаматтардың жинағы ғана емес, мемлекеттік қаржының тұрақтылығы, инфляцияны басқару және зейнетақы жүйесінің ұзақмерзімді тұрақтылығы туралы болып отыр.

Зейнетақы жинақтарын индексациялау қаншалықты қажет?

толық әрі жүйелі статистика да жарияланып отырған жоқ. Қазір расталған соңғы мәліметтер 2016 жыл мен 2017 жылдың алғашқы тоқсанына қатысты ғана қолжетімді, — дейді ол.

Сарапшы келтірген деректер де бұл мәселенің ауқымын көрсетеді. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының мәліметіне сәйкес, Қаржы министрлігінің статистикалық бюллетені негізінде 2016 жылы мемлекеттік кепілдік бойынша төленген өтемақы



ҚАРТТЫҚҚА ЖИНАЛҒАН ҚАРЖЫНЫҢ ҚАДІРІ КЕТПЕЙ МЕ?

Мемлекет мұндай кепілдікті сақтауға тиіс пе, әлде халықаралық тәжірибеге сүйеніп, жаңа тәсілдерге көшуі дұрыс па? Бұл өзгеріс болашақ зейнеткерлердің әлауқатына қалай әсер етуі мүмкін? Осы және өзге де сауалдарға мақала барысында сарапшылардың пікіріне сүйене отырып жауап іздейміз.

2027 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда міндетті зейнетақы жинақтарының инфляцияға байланысты мемлекеттік кепілдігі тоқтатылады. Бұл мемлекет зейнетақы жинақтарына мүлде кепілдік бермейді дегенді білдірмейді. Міндетті және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының негізгі (номиналды) сомасына кепілдік бұрынғыдай сақталады. Өзгеріс тек инфляция салдарынан жинақтан сатып алу қабілеті төмендеген жағдайда төленетін мемлекеттік өтемақыға қатысты.

Бұған дейін азамат зейнетке шыққанда оның барлық міндетті жарналары инфляция деңгейіне сай қайта есептелетін. Егер Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы нақты жинақ осы сомадан аз болса, айырмашылық республикалық бюджет есебінен өтелетін. 2027 жылдан бастап дәл осы өтемақы тетігі күшін жояды.

Qazaq Expert Club сарапшысы, қаржыгер Венера Жаналинаның айтуынша, қоғамда кеңінен талқыланып жатқан өзгерістің мәнін дұрыс түсіну маңызды.

— Қолданыстағы модель мемлекетке ұзақмерзімді міндеттемелер жүктейді. Оның нақты көлемін алдын ала есептеу қиын, өйткені ол бір мезгілде бірнеше факторға тәуелді. Болашақ шығындар инфляция деңгейіне, зейнетақы активтерінің инвестициялық табыстылығына және өтемақы алуға құқығы бар азаматтардың санына қарай өзгеріп отырады. Сондықтан мұндай кепілдіктің бюджетке қанша салмақ түсіретінін нақты болжау әрдайым мүмкін емес. Ашық ресми дереккөздерде бұл төлемдер бойынша

көлемі 11,615 млрд теңгені құраған. Ал 2017 жылдың қаңтар-наурыз айларында бұл көрсеткіш 2,589 млрд теңгеге жеткен. 2016 жылғы төлемдердің өзі республикалық бюджет шығыстарының шамамен 0,14 пайызына тең болған.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН ИНДЕКСАЦИЯЛАУ: НЕ ӨЗГЕРЕДІ?

Экономист Бауыржан Ыскаковтың пікірінше, ендігі жағдайда азаматтар зейнетақы жинақтарына бұрынғыдан өзгеше көзқараспен қарауға мәжбүр болады.

— Көптеген азамат зейнетақы жинақтарының сақталуына ғана емес, олардың нақты құнының инфляция жағдайында қалай қорғалатынына да ерекше мән береді. Сондықтан енді жинақтарды бағалауда тек есепшоттағы қаражат көлеміне емес, оның сатып алу қабілетінің сақталуына және инфляция деңгейіне де назар аудару қажет болады. Бұл өзгерісті біржақты бағалауға болмайды. Бір жағынан, мемлекет үшін инфляцияға толық кепілдік беру айтарлықтай қаржылық міндеттеме жүктейді. Әсіресе инфляция жоғарылаған кезеңдерде бюджеттен қосымша қаражат бөлу қажеттілігі туындайды. Екінші жағынан, азаматтардың жинағының нақты құнын сақтау мәселесі бұрынғыдан да өзекті бола түседі, — дейді экономист.

Дегенмен сарапшылар бұл өзгерісті тек бюджет шығыстарын қысқартуға бағытталған қадам ретінде қарастыруға болмайтынын айтады. Себебі әлемдік тәжірибеде зейнетақы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етудің әртүрлі модельдері қолданылады және олардың басым бөлігінде мемлекет жинақтардың нақты табыстылығына тікелей кепілдік бермейді.

Экономист Бауыржан Ыскаковтың айтуынша, бұл тұрғыда Қазақстанның ұстанымы халықаралық тәжірибеге жақындай түседі.

— Көптеген елде мемлекет зейнетақы жинақтарының нақты

табыстылығына тікелей кепілдік бермейді. Негізгі басымдық зейнетақы активтерін тиімді инвестициялауға, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және ұзақмерзімді кірістілікті сақтауға беріледі. Ал инфляцияны бақылау мен тежеу орталық банктің ақша-несие саясаты арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан инфляциялық тәуекелдің барлық жауапкершілігін бюджетке жүктеу халықаралық тәжірибеде кең таралған тәсіл емес, — дейді экономист.

Оның пікірінше, бұл өзгеріс зейнетақы активтерін басқаратын институттардың жұмысына да жаңа талаптар қояды.

— Мұндай тәсіл зейнетақы активтерін басқарудың тиімділігін арттыруға ынталандырады. Басқарушы институттардың қызметі инвестициялық нәтижелер арқылы бағаланған сайын олар инвестициялық стратегияларын жетілдіруге, тәуекелдерді барынша сауатты басқаруға және ұзақмерзімді табыстылықты арттыруға көбірек көңіл бөледі. Бұл, өз кезегінде, зейнетақы жүйесінің тиімділігіне де оң ықпал етуі мүмкін, — дейді Бауыржан Ыскаков.

Алайда мұндай модельдің табысты болуы экономиканың жалпы жағдайымен тікелей байланысты. Сарапшының сөзінше, инфляция тұрақсыз болып, инвестициялық табыс оның қарқынынан қалып қойса, мемлекеттік кепілдіктің жойылуы азаматтардың жинақтарына әсер етуі ықтимал.

— Бұл өзгерістердің тиімді болуы, ең алдымен, инфляцияның тұрақты әрі болжамды деңгейде сақталуына байланысты. Егер инфляция жоғары болып, зейнетақы активтерінің инвестициялық кірістілігі одан төмен қалыптасса, азаматтардың жинақтарының нақты құны төмендеуі мүмкін. Сондықтан зейнетақы жүйесінің тұрақтылығы тек индексация тетігіне емес, жалпы экономикалық тұрақтылық пен инфляцияны бақылауға да тікелей тәуелді, — деп түйіндейді экономист.

ЖАҢА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПОРТФЕЛЬДЕР ЖҮЙЕСІ

Қаржыгер Венера Жаналинаның айтуынша, мемлекеттік кепілдікті алып тастау туралы шешімді бағалау үшін қолда бар деректер жеткіліксіз.

— Бұл деректер мемлекеттік кепілдікті орындау республикалық бюджеттен нақты шығындарды талап еткенін көрсетеді. Алайда оның мемлекеттік қаржыға нақты әсерін бағалау үшін соңғы жылдардағы төлемдер, алушылар саны, орташа өтемақы көлемі және болашақ міндеттемелердің актуарлық болжамы қажет, — дейді сарапшы.

Оның сөзінше, реформаның мақсаты — тек бюджет шығынын қысқарту емес, мемлекет, басқарушы және салымшы арасындағы жауапкершілікті қайта бөлу. 2021 жылдан бастап азаматтарға зейнетақы жинақтарының бір бөлігін инвестициялық портфельді басқарушыларға беру мүмкіндігі жасалса, 2026 жылдан бері Кі композиттік индекстеріне негізделген жаңа инвестициялық портфельдер жүйесі жұмыс істейді.

Алайда Венера Жаналина инвестициялық портфельді басқарушылардың жауапкершілігі мемлекеттік инфляциялық кепілдіктің баламасы емес екенін атап өтеді.

— Инвестициялық портфельді басқарушы белгіленген индекске төмен нәтиже көрсеткен жағдайда ғана айырманы өтейді. Бірақ нарық жалпы төмен табыстылық көрсетсе, басқарушы индекске қалып қоймауы мүмкін, дегенмен салымшы жинағының сатып алу қабілетін жоғалтады. Сондықтан жаңа жүйенің тиімділігі толық дәлелденбей тұрып, инфляциялық кепілдікті алып тастауға асықпаған жөн, — дейді қаржыгер.

САЛЫМШЫНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ АРТА МА?

Жаңа жүйеде зейнетақы жинағын қайда инвестициялау керектігін таңдауда азаматтың жауапкершілігі артады. Алайда қаржыгер Венера Жаналинаның

пікірінше, қазіргі модельде салымшыларды автоматты түрде қорғайтын маңызды тетік жетіспейді.

— Қолданыстағы модельде адамның зейнет жасына жақын-дауына қарай инвестициялық тәуекелді автоматты түрде төмендету тетігі жоқ. Салымшы өзі таңдаған стратегияны өзі бақылап, қажет болса басқа инвестициялық портфельді басқарушыны таңдауы немесе қаражатын қайтадан Ұлттық банктің басқаруына қайтаруға тиіс. Бірақ мұндай шешім қабылдауға әр азаматтың білімі мен мүмкіндігі жете бермейді. Сондықтан инвестициялық таңдаумен қатар қаржылық сауаттылықты арттыру, тәуекелдер мен табыстылық туралы ашық ақпарат беру және салымшыларды қорғау тетіктерін күшейту қажет, — дейді сарапшы.

Оның айтуынша, зейнетақы жүйесінің басты мақсаты — шоттағы ақшаны ғана сақтау емес, оның құнын да жоғалтпау.

— Тек номиналды соманы кепілдендіру жеткіліксіз. Жиырмаотыз жылдан кейін сол ақшаның сатып алу қабілеті айтарлықтай төмендеуі мүмкін. Сондықтан жинақтар адамның зейнетке шыққаннан кейінгі табысын қамтамасыз етуі керек. Осы себепті міндетті зейнетақы жарналарының нақты сатып алу қабілетін мемлекеттік қорғау сақталғаны жөн. Бұл әсіресе жинақтары Ұлттық банктің басқаруында тұрған азаматтар, зейнет жасына жақын-даған адамдар және заң өзгергенге дейін жинақ қалыптастырған салымшылар үшін маңызды, — дейді Венера Жаналина.

Сарапшының пікірінше, егер реформа жоспарланғандай жүзеге асатын болса, оған дейін жаңа жүйенің қаншалықты тиімді екені жан-жақты бағалануы қажет. Ол үшін мемлекеттік кепілдік бойынша төлемдердің толық статистикасы жарияланып, жаңа инвестициялық модельге тәуелсіз талдау жасалып, салымшыларды қорғау тетіктері күшейтілуге тиіс.

— Жаңа жүйе алдымен өзінің тиімділігін іс жүзінде дәлелдеуі керек. Салымшыларды қорғау тетіктері тек қолайлы кезеңде ғана емес, экономикалық тұрақсыздық кезінде де жұмыс істей алатынын көрсетуге тиіс. Оған дейін инфляциялық кепілдікті алып тастау ерте шешім сияқты көрінеді, — деп түйіндейді қаржыгер.

ӨЗЕКТІ

25 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ

Түн қараңғылығы жолдың көрінетін шетін, жүргізушінің алысты шолу аймағын ғана емес, кейде адамдардың тағдырын да «қысқартады». Қала шамы алыста қалған соң жүргізушінің сенері – көзі мен түйсігі, тәжірибесі мен реакциясы. Ал олардың серігі – жаңа технология болмақ. Ол жол бойында адаммен «тілдесіп», қарым-қатынас жасай алады. Қараңғыда бағытын нұсқап, қауіпті алдын ала сездіріп, қалғып бара жатқан жанды бір сәт серпілтіп жіберуге де қауқарлы. Қазақстан жолдарында басталған жаңа технологиялық трансформация жол қауіпсіздігінің ғасырлар бойы қордаланған мәселелеріне шешім іздейді.

А Айхан ШӘРІП

Цифрландыру бұрын мемлекеттік қызметті, көбіне ірі қалаларды қамтитын құбылыс секілді қабылданса, енді ол тасжолдағы тыныс-тіршілікке белсенді араласа бастады. Президент тапсырмасымен қолға алынған цифрлық трансформация бүгінде республикалық автожолдарды басқару тәсілін ғана емес, жолдың өзін де «ақылды» инфрақұрылымға айналдырып жатыр. Ал цифрлық түлеумен бірге жолдарға түрлі инновациялық технологиялар ендіріліп жатыр.

ТҮНМЕН «ТІЛДЕСКЕН» ТАҢБА

Кейінгі жылдары Қазақстан жол сапасын арттырумен қатар, қозғалыс қауіпсіздігін технологиялық құралдар арқылы күшейтуге ден қойып келеді. Соның бір көрінісі – республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында алғаш рет люминесцентті жол таңбаларын сынақтан өткізу. «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы тәжірибелік жобаны «Астана – Қорғалжын» автожолының 23-ші шақырымында іске қосты. Бұл учаскенің таңдалуы кездейсоқ емес. Мұнда көлік қозғалысы қарқынды, табиғи-климаттық жағдай жиі құбылады, жұртты қайғылы қазаға ұшыратқан жол-көлік оқиғасы тіркеліп тұрады.

Жаңа бояудың басты ерекшелігі – күндіз жарық энергиясын жинап, түнде оны қайта шығару, жан-жаққа тарату қабілеті. Соның арқасында жолақтар қараңғы кезде, жарық жеткіліксіз жағдайда немесе қауіпті бұрылыстарда, жол айырықтарында анық көрінеді. Дәстүрлі таңбалар жүргізушіге тек жолақтың орнын көрсетсе, люминесцентті технология қосымша визуалды бағдар береді. Әсіресе жарықтан-дырылмаған қалааралық жолдарда оның маңызы ерекше.

Қазір мамандар жабынның жарық шығару қарқындылығын, аптап ыстық, үскірік аяз бен жауын-шашынға төзімділігін, көлік жүктемесіне шыдамдылығын, жүргізушінің жолды қабылдауына ықпалын зерттеп жатыр. Пилоттық жоба сәтті аяқталса, бұл технология республикалық маңызы бар өзге жолдарға кезең-кезеңімен енгізіледі. Ұлттық компания мұны тәуекелі жоғары учаскелердегі жол апаттарының алдын алатын қосымша құралдың бірі ретінде қарастырады.



ЖОЛДЫҢ «ЖАДЫ» ОЯНҒАН ШАҚ

Жолдың қауіпсіздігі, әрине тек бояумен шектелмейді. Қазақстанның ақылы автомобиль жолдарында «лазерлік визуалды бағдарлау жүйелері» орнатыла бастады. «Ақылы автомобиль жолдары дирекциясы» филиалы бұл жобаны республикалық маңызы бар жолдардың 22 учаскесінде жүзеге асырып жатыр. Оның қатарында Астана – Щучинск, Алматы – Қорғас, Шымкент – Тараз, Орал – РФ шекарасы бағыттары сияқты стратегиялық дәліздер бар.

Лазерлік қондырғылар теңіздегі шамшырақ-маяк сияқты. Тек айырмашылығы: айналмайды, жолдың екі шетін жарықтандырып, жиегі қайда екенін көрсетеді. Осы мақсатта ол жүргізушінің шолу аймағына айқын жарық сызықтарын проекциялап, жол бойында тұрақты визуалды бағдар қалыптастырады. «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясының түсіндіруінше, мұндай жүйе қозғалыс бағыты мен жылдамдығын дер кезінде түзетуге, ұзақ әрі бірсарынды трассаларда қалғып кету қаупін азайтуға, жүргізушінің назарын шоғырландыруға және жол жағдайын тезірек қабылдауға мүмкіндік береді деп күтіледі.

Халықаралық ұқсас жобалардың нәтижесі мұндай технологиялардың тиімді екенін көрсетіпті. Шетелдік тәжірибеге сәйкес, лазерлік сигналдарға жүргізушілердің реакциясы дәстүрлі белгілерге қарағанда әлдеқайда жылдам болады. Ол қолданылған учаскелерде жол-көлік оқиғаларының деңгейі 40-50%-ға дейін төмендепті. Қазақстандық жүргізушілер жана жүйені оң бағалады: түнгі уақытта бағдарланудың жеңілдегенін, қозғалыс жайлылығының артқанын айтады.

САНДЫҚ ЖҮЙЕ СЕРПІНІ

Цифрлық жаңғырудың ең маңызды бағыты жолдың үстіндегі белгілер ғана емес, сондай-ақ жолдың өзін басқару жүйесі болып отыр. Жуырда Жасанды интеллекттің дамыту жөніндегі кеңестің II отырысында «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясының басқарма төрағасы Дархан Иманашев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа республикалық жолдарды басқаруға арналған цифрлық порталдың мүмкіндіктерін таныстырды. Ұзындығы шамамен 25 мың шақырымдық республикалық маңызы бар автожолды

қамтитын бұл жүйеде автожолдарды салу, қайта жаңарту, жөндеу және күтіп-ұстау процестері толық цифрланған. Сондай-ақ Президент тапсырмасымен жүзеге асырылып жатқан барлық жоба бір платформада топтастырылған.

«Платформа арқылы өңірлер, жұмыс түрлері, көлемдері мен орындау мерзімдері бойынша жобалардың жүзеге асу барысы бақыланады. Осы арқылы басқарушылық шешімдер объективті деректер негізінде қабылданып, жұмыстардың ашықтығы артады. Қойылған міндеттердің сапалы орындалуына ықпал етеді. Портал жол саласындағы ірі инфрақұрылымдық жобалардан бастап нақты учаскедегі техниканың жұмысына дейінгі толық көріністі қалыптастырады», – деді Д.Иманашев.

Платформада су өткізу құбырларының бірыңғай дереккөрі, «ҚАЗСЕРВИС» арнайы техникасының мониторингі және жалпы ұзындығы 4 900 шақырымдық құрайтын 26 ақылы жол учаскесіндегі көлік қозғалысының қарқындылығын талдау модульдері енгізілген. Арнайы техниканың қозғалысы, атқарған жұмысы мен жанар-жағармай шығыны да нақты уақыт режимінде бақыланатыны баяндалды.

Жүк тасымалдарын кешенді бақылауға арналған арнайы модульдерді енгізу бұл жүйенің келесі маңызды кезеңі болмақ. Көлік құралдарын санаттарға бөліп, ең жүктелген бағыттарды анықтау арқылы жол инфрақұрылымына түсетін салмақты дәл бағалауға мүмкіндік туады. Алдағы уақытта енгізілетін арнайы модульдер жүргізушілердің еңбек және демалыс режимін бақылауды күшейтіп, заңсыз тасымал, жалған транзит және артық жүктеме тәуекелдерін азайтуға, сөйтіп бюджетке түсетін салықты арттыруға бағытталады.

ҚҰЛА ТҮЗДЕГІ «КӨРЕГЕН» КАМЕРА

ЖИ мүмкіндіктері мұнымен шектелмейді. Кейінгі кезде әлеуметтік желіні айдалада сопайып тұрған, ешқандай электр бағанына қосылмаған ерекше камералардың суреті кезіп кетті. Бұл – «ҚазАвтоЖолдың» автономды бейне-аналитика жүйесі. Күн панельдері мен жел генераторлары арқылы қуат алатын құрылғылар шалғайдағы жол учаскелерінде тәулік бойы жұмыс істей алады. Олар

жолдағы жағдайды онлайн бақылап, деректерді тиісті қызметтерге жеткізеді.

ЖИ элементтері енгізілген бұл жүйе трассаның жүру бөлігінде жаяу жүргіншінің немесе жануардың пайда болуын, көліктің қарсы бағытқа шығып кетуін, артқа шегініп, ұзақ қашықтыққа кері жүруін, тұрақ ережесін бұзуын автоматты түрде анықтайды. Сонымен бірге көліктің мемлекеттік нөмірін, маркасын және түсін таниды.

Пилоттық жоба қазір «Алматы – Қонаев» ақылы жолында сынақтан өту үстінде. Мұнда жабдықтардың және автономды инфрақұрылымның жұмысы тексеріледі. Сонымен қатар ұзындығы 134 шақырымдық «Астана – Теміртау» учаскесінде қажетті инфрақұрылым орнатылып жатыр. Бұл бағытта тіректер орнатылып, камералар, күн панельдері, жел генераторлары және дерек беру жабдықтарын монтаждауға дайындық басталыпты. «Астана – Щучинск» бағытында осындай байланыс жүйелері мен жабдықтарды орналастыруға арналған негіздер пысықталады.

«Алдағы уақытта мұндай құрылғылар автомобиль жолдарын мониторингтеудің бірыңғай интеллектуалды жүйесінің бір бөлігіне айналады. Бұл жүйе қауіпті жағдайларды автоматты түрде анықтауға, жол қызметтерінің әрекет ету жылдамдығын арттыруға және республикалық автожолдардағы сапар қауіпсіздігін күшейтуге мүмкіндік береді», – деп хабарлады «ҚазАвтоЖол».

Технологияның өзі түпкі мақсат емес. Ол – инфрақұрылымдық жаңғыртудың құрамдас бөлігі ғана. Биыл республикалық маңызы бар автожолдардың 8 900 шақырымында түрлі жұмыс жүргізілмек. Оның 3 400 шақырымы құрылыс пен қайта жаңартудан, 324 шақырымы күрделі жөндеуден, 5 200 шақырымы орташа жөндеуден өтеді. Мұндай ауқымды нақанды жүзеге асыру үшін 12 мың арнайы техника, 25 мыңнан астам маман және 193 асфальт-бетон зауыты жұмылдырылды. Құрылыс барысында 10 миллион текше метр киыршық тас пен 1,3 миллион тонна отандық битум пайдаланылады.

– 2026 жылғы жол маусымы кейінгі жылдардағы ең ауқымды кезеңдердің бірі болмақ! Ол қолданыстағы жол учаскелерін ғана емес, жаңа стратегиялық бағыттарды да қамтиды. Президент тапсырмасын орындау аясында жол-құрылыс маусымын белсенді жүргізудеміз. Бұл тек құрылыс пен жөндеу емес, сонымен қатар қозғалыс қауіпсіздігіне, өңіраралық байланысты нығайтуға және елдің транзиттік әлеуетін арттыруға бағытталған инфрақұрылымдық жүйелі жаңғыру, – деді «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Д.Иманашев.

Биыл 7 ірі жаңа жобаға ерекше назар аударылады. Қатарында «Орталық – Батыс», «Қарағанды – Жезқазған», «Атырау – Доссор», «Қызылорда – Сексеуіл» бағыттары, сондай-ақ Сарыағаш, Қызылорда және Петропавл қалаларын айналып өтетін жолдар бар. Жыл соңына дейін 2 мың шақырым жолды пайдалануға беру жоспарланған. Сонымен қатар 200 мың шаршы метрден астам аумақтағы шұңқырларды жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Жол қауіпсіздігін арттыру мақсатында 2026 жылы 7 858 жол белгісін орнату және жаңарту жоспарланған, оның 4 мыңға жуығы орнатылған. Бұдан бөлек, 51 955 шақырым жолда таңбалар жаңартылып, 101 мың катафот орнату, 578 мың бойлық метрден астам жарықтарды бітеу және 2 268 шақырымдық көрсеткіштерді орнату көзделген.

Жалпы, жарқырайтын жолақ, лазерлік бағдар, автономды камера немесе бірыңғай цифрлық платформа – бұлардың әрқайсысы жеке бөлек жаңалық болғанымен, бәрі бір мақсатқа қызмет етеді. Ол – жолды жай ғана асфальт төселген аумақ емес, өңір мен өңірді жалғайтын, адам өмірін қорғайтын ақылды ортаға айналдыру.

ҚАЛҚАН

25 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ



Еліміз мектептеріне бастапқы әскери дайындық пәнінің жаңғыртылған жүйесі енгізіледі. Осыған орай Қорғаныс министрлігі жанындағы «Әскери-стратегиялық зерттеулер орталығы» АҚ мамандары жаңғырған пән мен оған арнап жазылған жаңа оқулық жобасын әзірледі. Астанадағы Қазақстан Қарулы күштері әскери-патриоттық орталығында сарапшылар жаңа оқулық жобасымен танысып, өз ойларымен бөлісті.

Орта мектептердің 10-11-сыныптарына арналған пән жобасы бірден жаңашылдығымен көзге түсті. Жаңа мазмұндағы білім беру бағдарламасы мен оқулық жобасы әлемдегі технологиялық, ақпараттық, геосаяси трендтер мен құбылыстарды ескере отырып әзірленген. Жобаны талқылауға «Әскери-стратегиялық зерттеулер орталығы» АҚ мамандары, сарапшылар, әскери қызметкерлер қатысты.

Орталық директоры, генерал-майор Асхат Рыспаевтың айтуынша, бағдарламаға арналған оқулық жобасын жасауға мектептердегі бастапқы әскери дайындық пәнін оқытатын мұғалімдер, Қарулы күштер мен өзге күш құрылымдарының офицерлері тартылған. Оқулықты жазған авторлардың барлығының арнайы сертификаты бар.

Әрі жобаны жасау барысында жоғары сынып оқушылар мен арнаулы орта оқу орындарының студенттері арасында фокус-тобы зерттеулері ұйымдастырылып, жасөспірімдердің көзқарасы да назарға алыныпты. Нәтижесінде, заманауи, әскери және азаматтық саланың көптеген бағыты ескерілген оқулық жобасы даярланды.

«Әскери-стратегиялық зерттеулер орталығы» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, экономика ғылымдарының докторы Айгүл Төлембаеваның айтуынша, бағдарламаның өзегін де жаңа оқулық қалыптастыруға тиіс.

«Бастапқы әскери дайындықтың жаңа жүйесі заман талабына сай болып, жастардың бойында әскери қызметте, күнделікті өмірде және төтенше жағдайлар кезінде қажет машық қалыптастыруы керек. Оқулықтардың мазмұнына сыни ойлау, көшбасшылық қабілет, психологиялық тұрақтылық, командада жұ-

ӘСКЕРГЕ ҒАНА ЕМЕС, ӨМІРГЕ ДЕ ҚАЖЕТ САБАҚ

мыс істеу дағдысы мен қауіпсіздікке көңіл бөлу қасиеттерін дамытуға бағытталған бөлімдер енгіздік», — дейді Айгүл Төлембаева. Сонымен қатар ол оқулық іс жүзінде жасөспірімдердің азамат болып қалыптасуына ықпал ететінін атап өтті.

Сонымен қатар оқулықтағы әр бөлімді даярлауға әскери дайындық, IT технологиялары, пилотсыз ұшатын авиациялық жүйелер, әскери тарихшылар, психологтар, топографтар және медицина мен өзге сала мамандары да тартылған. Жаңа оқу бағдарламасы оқушыларға бастапқы әскери дайындық әліппесін үйретіп қана қоймай, кез келген жағдайды бағалай білу, оқыс оқиғалар кезінде әрекет ету алгоритмін, зардап шеккендерге алғашқы көмекті дұрыс көрсетуді меңгеруге де ықпал етеді. Оқулық «Адал азамат» қағидасының басым бағыттарымен де үйлесім тапқан.

Жалпы, жаңартылған пәнге арналған оқулықтың оқушылардың қызығушылығын ояту мүмкіндігі байқалып тұр. Сапалы иллюстрация, қысқа мәтіндер, заманауи әскери техникалардың фотолары, мазмұнның ұлт тарихымен үйлесімі бірден көзге түседі. Оқушыларға Алтын орда дәуірінен бастап, Қазақ хандығы кезіндегі әскери өнер, XX ғасырдағы қолбасшылар мен ерлік көрсеткен батырлар, қазіргі геосаяси ахуал, халықаралық әскери ұйымдар жайлы мәліметтер енгізілген. Төтенше жағдайларда қалай әрекет етуден бастап, қазіргі заман соғысында қолданылып жатқан технологиялардан төнетін қатерді азайту, сақтық шараларын ұйымдастыру қатарлы өзекті бағыттар да бар. Айталық, оқулық жобасында бұрынғы қазақ әскерінің «Бес қаруы» болса, қазіргі жауынгерде «Жеті қару» болуы керек екені айтылған. Автомат, тапанша, сүнгіден бастап, антидрон құралдары мен шағын дрон да жауынгердің қазіргі қаруына айналып отыр.

Сондай-ақ оқулық жобасында топографияға ерекше назар аударылғаны да байқалады. Әдетте, картамен жұмыс істеу география пәнінің бір саласы сияқты көрінгенімен, төңіректі бағдарлай білу, картадағы деректерді оқу

бүгінде өте өзекті. Айталық, соңғы жылдары қала балалары бағдарды тек гаджеттердегі арнаулы қосымшалар арқылы ғана анықтай алатын болып жүр. Аспандағы Темірқазық жұлдызын тану былай тұрсын, күнделікті жағдайда түстік пен теріскейді ажырата алмай қалатындар да бар. Сондықтан топография бағытының ескерілуі жастарды өмірге бейімдеуге қажет бағыт болса керек. Форс-мажор жағдайда әрекет ету бейбіт күнде де өзектілігін жойған жоқ.

Айталық, жыл сайын әлемде қақалып-шашалудан 140-160 мың адам көз жұмады. Ондай оқиғалар бізде де кездеседі. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы халқының саны 20 млн шамасында болатын елдерде механикалық асфиксиядан жылына 300-500 адам көз жұматынын айтады. Жазатайым оқиғалардан болған өлім-жітім санатына кіргендіктен, біздің елде жеке статистика жоқ. Бірақ оқыс оқиғалар

де көрнекі құралдармен тек арнайы маманданған оқу орындарында ғана оқытатын болдық. Жасөспірімдер мұндай амалдарды біле бермейді. Ал жаңа бағдарламаға арналған оқулық жобасында мұның бәрі қамтылыпты.

Жалпы оқулық жобасымен танысқанда, бастапқы әскери дайындыққа арналған жаңа бағдарламаның мүлдем тың сипатта екені байқалады. Бұрынғы бағдарлама оқулықтары мазмұнының тең жартысына жуығы жол ережесіне арналатын еді. Суреттермен, арнайы схемалармен безендіру өте сирек кездесетін. Жаңа оқулық жобасы альфа-ұрпақтың оқу, жазу, дүниені қабылдау ерекшеліктері ескеріле отырып әзірленген. Әрі жастарды Қарулы күштер сапында қызмет етуге қызықтырудың тетіктері де енгізіліпті. Офицерлер мен сержанттар даярлайтын оқу орындарының тізімі де берілген. Яғни әмбебап жоба болып тұр.



Жаңа оқулық жобасы альфа-ұрпақтың оқу, жазу, дүниені қабылдау ерекшеліктері ескеріле отырып әзірленген. Әрі жастарды Қарулы күштер сапында қызмет етуге қызықтырудың тетіктері де енгізіліпті. Офицерлер мен сержанттар даярлайтын оқу орындарының тізімі де берілген. Яғни әмбебап жоба болып тұр.

көмек көрсетуді, соның ішінде Геймлих әдісін азаматтардың көбі білмейді. Қасында ешкім жоқ кезде мұндай жағдайда не істеу керек екенін білетіндер тіптен аз. Сол сияқты мертіккенде, дене жараланғанда қалай әрекет етуді

тыруға ықпал етеді. Себебі Қарулы күштердің қуатты, елдің қорғаныс қабілетінің мығым болуы заманауи қару-жарақпен ғана өлшенбейді. Бірінші кезекте армияға адам керек. Білікті, оң-солын таныған азамат қажет. Ал Отан қорғау — әр азаматтың конституциялық міндеті. Демек, әскери борышын өтейтін жастардың армия өмірімен таныс болғаны дұрыс. Жаңа бағдарлама осы бағытты жетілдіруге ықпал етеді.

Рас, оқулық жобасы әлі бекітілген жоқ, әлі де сараптаудан өтеді. Оқу-ағарту министрлігінің сарапшылары да қарайды. Дегенмен жаңа жоба қабылданады деген үміттеміз. Өйткені Отан қорғау ұлы міндет екеніне балалар мен жасөспірімдерді жастайынан баулып, өмірде қажет болатын дағдыларға ерте машықтандыру керек. Ал ол үшін сапалы бағдарлама мен оқулық, білікті маман қажет.

Ардақ СҰЛТАН

КӨКЕЙКЕСТІ

25 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ



Жадырап жаз, күлімдеп күн шықса болды, елдегі мыңдаған ата-ананың ойы бір арнаға тоғысады. Көп ата-ана баласын жазғы демалысқа қамдайды. Алайда лагерьлердің бағасын естігенде, еріксіз көрпесіне қарай көсіледі. Бағасы қымбат болғанымен, лагерьлерде қайталанатын оқыс оқиғалар қауіпсіздіктің жетіспей тұрғанын аңғартады. Санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды орындаудың өзіне қауқары жетпей осы уақытқа дейін ондаған лагерь жабылып тынған. Статистикаға сүйенсек, 90-жылдардағы тоқырау кезеңінің өзінде 470 лагерь жұмыс істесе, қазір еліміз бойынша бар-жоғы 200-ге жетер-жетпесі ғана қалды. Осылардың ішінде Ақмола облысында 13 жазғы сауықтыру лагерьі бар. Олардың өзі тығырықтан шығудың жолын таппай отыр.

Абзал
АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Маусым айының басында жарияланған ресми ақпаратта Ақмола облысындағы 13 маусымдық лагерьдің тек төртеуі ғана санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алғаны хабарланды. Ал мамырдың соңында өңірде тіпті жалғыз лагерь ғана барлық талаптан өткені айтылған еді. Бұл деректер қоғамда үлкен алаңдаушылық туғызды. Себебі жазғы маусым басталып, балалардың оқуы аяқталғанымен, лагерьлердің басым бөлігі негізгі рұқсат құжатын да әлі алмаған болып шықты. Біз осы мәселенің анықтанығына жету үшін алдымен Ақмола облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментіне ресми сауал жолдаған едік. Жауап келгенде, тағы бір қызық жайтқа тап болдық.

ҚАБЫСПАЙТЫН ЕСЕП КӨП

Департаменттің мәліметіне сүйенсек, бүгінде облыста жазғы маусымда жұмыс істейтін 18 са-

БАЛАЛАР ЛАГЕРІ БАҚЫЛАУСЫЗ ҚАЛДЫ

уақтыру ұйымының бесеуі жыл бойы қызмет көрсететін орталықтар болса, 13-і маусымдық лагерь саналады. Ең қызығы — осы 13 лагерьдің 11-і бүгінде оң санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алып үлгерген. Ал қалған екеуінің өтініші қаралып жатыр екен. Бір қарағанда қуанышты жаңалық. Бірақ біз үшін мұндай мәлімет басқа сұрақтарды туындатты. Егер маусым басында төрт лагерь ғана талапқа сай болса, қысқа уақыт ішінде қалғандарының басым бөлігі қалай бір мезетте барлық талапты орындап үлгерді? Бұған дейінгі кешігу неінің салдары болды? Неге бұл туралы қоғамға ашық әрі түсінікті ақпарат берілмеді? Ең бастысы — санитариялық қорытынды алмаған лагерьлер нақты қандай талаптарды орындамаған? Өкінішке қарай, өңірлік департамент дәл осы сұраққа нақты жауап бермеді.

Сауалымызда әр лагерь бойынша қандай кемшілік анықталғанын да сұрадық. Бірақ департамент жалпы заң талаптарын түсіндірумен ғана шектеліпті. Яғни қандай лагерьде ауызсу жүйесі талапқа сай келмегені, асханасы дайын болмағаны, медициналық пункті жетіспегені жөнінде бір ауыз сөз айтылмаған. Бұл жерде тағы бір маңызды мәселе туындайды. Егер мемлекеттік орган белгілі бір лагерьге санитариялық қорытынды бермесе, демек ол жерде балалардың денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін нақты кемшіліктер болуы мүмкін бе деген де асау ой қылаң береді.

Департамент тағы бір маңызды жайтты хабарлады. Санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы жоқ лагерь балаларды қабылдауға құқығы жоқ. Заң талабы осындай екен. Мұндай лагерь анықталған жағдайда оған қатысты әкімшілік шара қолданылмақ. Биыл әзірге мұндай факт тіркелмеген. Бірақ кейінгі үш жылда рұқсат құжаттарыңызсыз жұмыс істеген бір лагерь анықталып, сот шешімімен әкімшілік жа-

уапкершілікке тартылғанын ресми жауапта атап өткен.

Осы тұста тағы бір қызық сәйкессіздік байқалды. Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті келтірген мәлімет пен Полиция департаментінің ресми жауабында мүлде басқа сан көрсетілген. Полицияның ұсынған дерегіне қарағанда, биыл облыста 17 балалар лагерьі жұмыс істеуге тиіс, оның 16-сы балаларды қабылдап жатыр. Ал санитариялық қызмет өз есебінде 18 сауықтыру ұйым тіркелгенін көрсетеді. Бұл айырмашылықтың себебі түсіндірілмеген. Статистикадағы мұндай алшақтық алғаш қарағанда ұсак мәселе болып көрінуі де мүмкін. Бірақ мемлекеттік органдардың бір өңірдегі бір ғана салаға қатысты нақты ортақ мәлімет ұсына алмауының өзі басқару жүйесіндегі үйлестірудің әлсіздігін аңғартса керек.

БАЛАНЫҢ ДЕМАЛЫСЫ ҚАУІПСІЗ ЕМЕС

Жағдайды одан әрі анықтау мақсатында облыстық прокуратураға да жүгіндік. Облыстық прокуратураның ұсынған мәліметіне қарағанда 2023 жылы Бас прокуратураның тапсырмасымен Ақмола облысының прокуратурасы балалар сауықтыру лагерьлерінде кешенді тексеріс жүргізген. Сол тексерудің ресми нәтижелері кез келген ата-ананың жанын түршіктіруге жеткілікті. Прокурорлар анықтаған заңбұзушылықтардың тізімі қарапайым әкімшілік кемшілік емес. Бұл — балалардың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төндіретін фактілер. Аймақта дәл осы жылы бүтін бір лагерьде жұмыс істеп жүрген 21 қызметкердің 18-і бірдей еңбек шартынсыз қызмет еткен. Тексеріс барысында олардың санитариялық кітапшалары да болмай шықты. Демек, балалармен кім жұмыс істеп жүргенін, олардың медициналық тексеруден өткен-өтпегенін де ешкім нақты бақылай алмаған.

Тағы бір лагерьде жағдай бұдан да сорақы болып шықты. 100

балаға ғана арналған лагерьде бір мезгілде 170 бала демалып жүрген. Бұл жай ғана артық адам орналас-тыру ғана емес. Бұл сол лагерьде асхананың жүктемесі де артатынын айғақтайды. Сондай-ақ дәрігердің жүктемесі көбейіп, қандай да бір оқыс оқиға туындаған жағдайда эвакуациялау жұмыстарының күрделеніп, төтенше жағдай кезінде балалардың өміріне қауіптің де еселей күшейетінін көрсетеді. Облыстық прокуратура жария еткен келесі фактілер тіпті қорқынышты. Өңірдегі балалар лагерьлерінің бірінің аумағынан алкоголь бөтелкелері, темекі қораптары, ол аз десеңіз самогон қайнатуға арналған арнайы аппарат та анықталған. Бір лагерьде пневматикалық қару сақта-

лерге ауыстырылады екен. Алайда тәжірибе көрсетіп отырғандай, мәселе тек рұқсат қағазында емес. Ол — сол рұқсатқа жету жолындағы бақылаудың сапасында сияқты.

Басқарма сонымен бірге биыл облыста 119 746 баланы жазғы демалыспен қамту жоспарланғанын хабарлады. Осы орайда айта кететін бір жайт бар. Бұл санның ішіндегі басым бөлігі күмістей мөлдіреген көлдер мен табиғаты тамылжыған ормандардың арасындағы лагерьлер емес, өздері оқыған мектептің жанындағы лагерьлерге барады. Басқарма дерегінше, бұлардың ішінде 2 100 бала тегін лагерьлерде демалады. Бұл — үлкен көрсеткіш. Бірақ сан артқан сайын жауапкершілік те күшеюге тиіс. Өйткені бір ғана олқылық жүздеген баланың қауіпсіздігіне тікелей әсер етуі мүмкін.

Біз жолдаған сауалдардың тағы бірі — «лагерьлердегі қауіпсіздік жүйесін кім нақты бақылайды?» деген сұрақ болды. Білім басқармасының жауабында бұл бағытта бірлескен мониторинг топтары жұмыс істейтіні айтылған. Олардың құрамына Төтенше жағдайлар департаменті мен полиция қызметкерлері де кіріпті. Лагерьлерге барып, техникалық қауіпсіздік, санитариялық жағдай және кадрлық құрам тексерілген. Сонымен қатар полиция қызметкерлері лагерь персоналының соттылығы жоктығын тексерген. Қағаз жүзінде бұл — жүйелі жұмыс. Бірақ мұндай тексерулердің нақты нәтижесі туралы ашық дерек қоғамға әлі де толық ұсынылмай отыр.

Осы тұста облыстың Төтенше жағдайлар департаментіне де ресми сауал жолдаған едік. Онда аймақта өрт қауіпсіздігі бойынша қанша лагерь тексерілді, қаншасында бұзушылық анықталған анықталмағаны, қанша лагерьдің балаларды қабылдауға әзір болғаны, су айдындарындағы қауіпсіздіктің қаншалықты қамтамасыз етілгенін сұрадық. Алайда департамент тарапынан бұл сұрақтарға нақты жауап ала алмадық. Департаменттің ресми өкілі тексерулердің әлі жүріп жатқанын айтып, ақпарат беруден бас тартты. Оның айтуынша, барлық дерек кейін прокуратураға жолданады. Ол ұзақ уақыт тексеріледі. Міне, дәл осы жерден негізгі қайшылық басталады. Балалар лагерьлерде демалып жатыр. Маусым басталып кеткен. Ата-аналар жолдамаларын сатып алған. Ал негізгі қауіпсіздік ақпараттары құзырлы органдармен «әлі тексеріліп» жатыр. Әр ведомство өз функциясын орындайды. Бірақ олардың арасында ортақ ашық ақпараттық алаң жоқ. Бірі статистика береді, бірі жалпы түсіндірумен шектеледі, бірі тексеру жүргізіп жатыр дейді, ал бірі ақпаратты кейінге қалдырады.

P.S.

Жалпы, саладағы дәл бүгінгі ахуал толғамды қорытындыға әкеледі. Балалар лагерьлеріндегі мәселе тек санитариялық қорытындымен немесе өрт қауіпсіздігі актісімен шешілмек емес. Бұл — ведомствоаралық үйлесім, ашықтық және жауапкершіліктің нақты бөлінуі қажет ететін аса күрделі мәселе.

ЖАУАПКЕРШІЛІК КІМГЕ ЫСЫРЫЛДЫ?

Осы өткір мәселенің нақты көрінісін түсіну үшін Ақмола облысының Білім басқармасынан да жауап алдық. Жауапта облыстағы лагерьлер саны мен олардың дайындық деңгейіне қатысты бірқатар дерек көрсетілген. Басқарманың мәліметінше, 2026 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша облыста барлығы 16 балалар лагерьі жұмыс істеуі жоспарланған. Оның ішінде 6-ы — мемлекеттік, 9-ы — жекеменшік лагерьлер. Бұл көрсеткіштің өзі-ақ әртүрлі ведомство ұсынған бұған дейінгі сандармен толық сәйкес келмейтінін тағы бір мәрте байқатты. Білім басқармасы санитариялық қорытындыны уақытында ала алмаған лагерьлерге балалар жіберілмейтінін нақтылады. Мұндай жағдай туындаса, демалыс мерзімі кейінге шегеріледі немесе балалар санитариялық талапқа сай басқа лагерь-

ТҮЙТКІЛ

25 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ

Елімізде жұмыс іздеген жас маманның алдынан шығатын бір өткел бар. Ол – еңбек өтілінің болмауы. Жұмыс берушілер кеше ғана оқу бітірген жас маманды «еңбек өтілі де, тәжірибесі де жоқ» деп жұмысқа алғысы келмейді. Ал оқу орнын енді ғана бітірген түлекте бұл нәрселердің болмайтыны түсінікті емес пе? Осындай тұйық шеңберді бұзу үшін мемлекет «Жастар практикасын» енгізді. Бағдарламаның басты мақсаты – жас маманды алғашқы жұмыс тәжірибесіне баулу және тұрақты еңбек нарығына бейімдеу.



А Айгүл СЕЙІЛ

ЖАСТАР ПРАКТИКАСЫ:

МИЛЛИАРДТАР ЖҰМСАЛДЫ, НӘТИЖЕ ҚАНДАЙ?

«Жастар практикасы» бағдарламасы Қазақстанда 2011 жылы енгізілді. Оның мақсаты – жоғары және техникалық, кәсіптік білім беру ұйымдарын соңғы бес жыл ішінде тәмамдаған, жұмыс тәжірибесі жоқ немесе еңбек өтілі аз жастарға алғашқы жұмыс тәжірибесін жинауға мүмкіндік беру. Бағдарламаға қатысушылар бір жылға дейін жұмыс істеп, осы уақыт ішінде 30 АЕК мөлшерінде жалақы алады. Бұл қаражат мемлекеттік бюджеттен төленеді. Идеясы қарапайым ғана. Жас маман бір жыл ішінде тәжірибе жинайды, ал жұмыс беруші оның кәсіби қабілетін бағалап, практика аяқталған соң тұрақты жұмысқа қабылдайды. Міне, мәселенің бәрі осы жерден басталады. Практика аяқталған соң жұмыс берушілердің бәрі бірдей бір жыл бойы жалақысын мемлекет төлеген, өзі сол жерде тәжірибе жинау мақсатында еңбек еткен жас маманды тұрақты жұмысқа ала бермейді!

Осы мақаланы жазу барысында өзім былтырдан бері танитын, үлкен корпорацияда Жастар практикасы бойынша еңбек еткен Самал есімді жас маманмен (атын өзгертуді өтінді) хабарластым. Ондағы мақсатым – Самалдың қазіргі жайын білу еді. «Корпорация мені штатқа алған жоқ. Қазір басқа бір мекемеде еңбек етіп жүрмін. Мамандығыма сәйкес келмейді. Негізгі тәжірибеден өтіп болған соң мамандығым бойынша корпорацияда жұмыс істегім келген еді», – дейді ол.

Иә, бұл жерде біз бір ғана адамның жағдайы туралы айтып отырмыз. Ал осы жылдардың ішінде Жастар практикасы бойынша жүздеген мың жас маман жұмыс берушілермен бетпе-бет келгені белгілі. Олардың қаншасы жұмысқа орналасты, қаншасының тауы шағылды деген сауалды біз тиісті министрлікке жолдаған болатынбыз.

БАҒДАРЛАМАҒА ҚАТЫСҚАНДАР САНЫ – 97 911, АЯҚТАҒАН АДАМДАР – 35 131

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің дерегіне сәйкес, тек соңғы үш жылдың өзінде, яғни 2023–2025 жылдары Жастар практикасына 97 911 адам жіберілген. Оның ішінде 2023 жылы – 33 984, 2024 жылы – 33 336, ал 2025 жылы 30 591 жас бағдарламаға қатысқан.

Енді қызықты қараңыз, 2023 жылы Жастар практикасын 11 679 адам ғана аяқтаған. Оның ішінде 5576 адам тұрақты жұмысқа ор-



наласқан. Ал 2024 жылы 12 552 адам бағдарламаны аяқтап, 7 378-і жұмысқа қабылданған. Сондай-ақ 2025 жылы бағдарламаны аяқтағандар саны 10 900 адам болған. Оның 5 468-і тұрақты қызметке орналасқан. Яғни осы үш жылда 97 911 адам бағдарламаға жіберілген болса, 12 ай жұмыс істеп, бағдарламаны аяқтағандар саны 35 131 адам ғана. Ал жалпы тұрақты жұмысқа орналасқандар саны бастапқыда практикаға жіберілгендер санының 20 пайызына да жетпейді. Сондықтан бағдарламаны аяқтамағандардың саны қанша және оның негізгі себептері қандай болғаны белгісіз күйінде қалып отыр.

ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАП КҮШЕЙТІЛГЕН

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бір жұмыс берушінің жыл сайын жана қатысушыларды алып, алдыңғыларын жұмыстан шығару фактілеріне мониторинг жасай ма? Бізді қызықтырған сауалдың бірі – осы. Аталмыш министрліктің Халықты жұмыспен қамту департаментінің директоры Төлеу Мұхтар бізге былай жауап берді: «Жастар практикасы уақытша сипаттағы субсидияланатын жұмыс орны болғанымен, оның түпкі мақсаты – қатысушының тұрақты жұмысқа орналасуына жағдай жасау. Сондықтан жұмыс берушілердің бұрынғы

қатысушыларды тұрақты жұмысқа қалдырмай, жыл сайын тек жана қатысушыларды қабылдау жағдайлары талданады».

Яғни қазір жұмыс берушілердің өтінімдері, жасалған шарттар, қатысушылардың жұмысқа орналасуы, бағдарламаны аяқтауы және кейінгі тұрақты жұмысқа орналасуы сынды мәліметтерге ақпараттық жүйелер арқылы мониторинг жүргізіледі. Бұдан бөлек, субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастыру тетіктерін жетілдіру шеңберінде жұмыс берушілерге қойылатын талаптар күшейтілген. Атап айтқанда, жұмыс берушінің бұрын субсидияланатын жұмыс орындарында жұмыс істеген азаматтарды кейін тұрақты жұмысқа орналастыруы оның келесі кезеңдерде бағдарламаға қатысуы кезінде ескерілетін маңызды талаптардың бірі ретінде қаралады.

Одан бөлек, 2025 жылғы желтоқсанда мемлекеттік қолдаудың ашықтығы мен тиімділігін арттыру мақсатында субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастыру қағидаларына өзгерістер енгізілген.

«Осы өзгерістерге сәйкес, жұмыс беруші өткен күнтізбелік жылы өзінде субсидияланатын жұмыс орындарында жұмысты аяқтаған жұмыссыз азаматтардың кемінде 10 пайызын тұрақты жұмысқа орналастыруға міндетті. Егер жұмыс беруші 10 адамнан аз қатысушыны қабылдаған болса, кемінде 1 азаматты тұрақты жұ-

мысқа орналастыру талабы қолданылады.

Бұл талап жұмыс берушінің алдағы уақытта субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастыруға қатысуы кезінде ескеріледі. Яғни жастар практикасына қатысушыларды тұрақты жұмысқа қабылдау жұмыс берушінің келесі өтінімдерін қарау кезінде маңызды факторлардың бірі», – дейді ЕХӘКМ Халықты жұмыспен қамту департаментінің директоры Төлеу Мұхтар.

ҚАЙ ӨНІРЛЕР КӨШ БАСТАП ТҮР?

Жастар практикасына қатысушылар саны бойынша жыл сайын Түркістан облысы, Қызылорда облысы, Жамбыл облысы және Шымкент қаласы алдыңғы қатардан көрінеді. Мәселен, 2023 жылы Түркістан облысынан бағдарламаға 9 007 жас қатысса, Қызылорда облысынан – 3 443, Жамбыл облысынан – 3 047, ал Шымкент қаласынан

Ірі мегаполистер – Астана мен Алматыда Жастар практикасына қатысушылар саны салыстырмалы түрде төмен. Мәселен, 2025 жылы Астанада бағдарламаға 1 052 жас қатысса, Алматыда 706 адам жолданған. Бұған Астана мен Алматыдағы еңбек нарығы ауқымының кеңдігі, жастардың жеке секторда жұмысқа орналасу мүмкіндігі жоғары екені де әсер етуі мүмкін.

ЖЫЛ САЙЫН ҚОМАҚТЫ ҚАРЖЫ БӨЛІНЕДІ

Бағдарламаны қаржыландыру көлемі де аз емес. Министрліктің мәліметінше, үш жыл ішінде жастар практикасына 85 млрд 680 млн теңге жұмсалған. Оның ішінде 2023 жылы – 26,7 млрд теңге; 2024 жылы – 29,3 млрд теңге; 2025 жылы – 29,7 млрд теңге. Бұл цифр Жастар практикасы жастарды жұмыспен қамтуға бағытталған ең ірі мемлекеттік бағдарламалардың бірі екенін көрсетеді.

Біздің ойымызша, үш жылға бөлінген 85,6 млрд теңге аз қаржы емес. Бұл бірнеше мектеп немесе аурухана салуға кететін қаржымен шамалас сома. Сондықтан мұндай көлемдегі мемлекеттік инвестицияның нақты қайтарымы қандай екені қоғам үшін де маңызды болмақ.

Осы жерде тағы бір маңызды өзгерісті айта кетуді жөн көреміз.



Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің дерегіне сәйкес, тек соңғы үш жылдың өзінде, яғни 2023–2025 жылдары Жастар практикасына 97 911 адам жіберілген. Оның ішінде 2023 жылы – 33 984, 2024 жылы – 33 336, ал 2025 жылы 30 591 жас бағдарламаға қатысқан.

2 568 жас жолданған. Кейінгі екі жылда да бұл өңірлер көш басындағы орнын сақтап қалған.

Мұны аталған өңірлердегі жастар үлесінің жоғары болуымен және еңбек нарығына жыл сайын көп түлектің шығуымен түсіндіруге болады. Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сәйкес, 2025 жылы Шымкент қаласында техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын 16,7 мың, жоғары оқу орындарын 27,2 мың жас тәмамдаған. Жамбыл облысында бұл көрсеткіш тиісінше 7,7 мың және 5,9 мың, Түркістан облысында 6,4 мың және 1,5 мың, ал Қызылорда облысында 2,8 мың және 4,4 мың түлек.

2026 жылы жастар практикасына қатысатындардың жоспарлы саны 33 мыңнан 25 мың адамға дейін қысқармақ. Бұл шешім мемлекеттік шығыстарды оңтайландыру аясында қабылданып отыр.

Жастар практикасы – еңбек жолын енді бастаған түлектер үшін маңызды мүмкіндік. Бірақ кез келген мемлекеттік бағдарламаның құндылығы оған қанша адамның қатысқанымен емес, сол жастардың қаншасы өз мамандығы бойынша тұрақты жұмыс тауып, еңбек нарығында орныға алғанымен өлшенетіні даусыз. Сондықтан алдағы уақытта қоғам тек қамту көрсеткішін емес, бағдарламаның нақты нәтижесін де көбірек күтеді.

ЖАНСАРАЙ

25 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ

— Сіз әдебиетке интернет, блог арқылы келген авторсыз. Оқырманның жүрегін қалай жауладыңыз?

— Бұл тұрғыда жолым болды деп айтсам да болады. 2003 жылы әдеби сайттардың біріне әнгімемді жібердім. Сайт редакторына қатты ұнаса керек, бірден жариялап жіберді. Сол алғашқы туындымды оқып, пікір айтқан оқырман көп болды. Кейін «Кирпичи» повесімде де осындай жағдай қайталанды. Алғашқы тараулары жариялана бастаған сәттен-ақ оқырман іліп әкетті. Ғаламторда таралымы көбейіп, оқырмандар өздері бір-біріне жіберіп, форумдар мен тегін электронды кітапханаларға жариялай бастады. Ең қызығы сол, ешқандай баспаның көмегіңсіз, ешқандай жарнама жасалмай-ақ шығарманы үш миллионнан астам адам оқыды. Егер шығарма оқырманды бірден баурап алса, онда оның жолы болғаны, ал оқыған адам оны өзгелерге жарнамалай бастайды.

«Литнет» порталына Level Up романының бірнеше тарауын жариялаған кезде бұған тағы бір көзім жетті. Осыдан кейін әлі жазылып бітпеген кітапты басып шығару жөнінде бірден «АСТ» және «Эксмо» баспаларынан екі ұсыныс түсті. Одан кейін шетелдік баспагерден шығарманы ағылшын тілінде Amazon платформасында жариялау туралы ұсыныс түсті. Осылай бірте-бірте шығарманың да өрісі кеңейе бастады.

— «Кирпичи» шығармасы кезінде интернетте көп тарағаны рас. Сіздің танымалдылығыңызға да осы шығарманың әсері тигені анық. Бұдан кейін өміріңіз қалай өзгерді?

— Міне, жиырма жылдан бері адамдар маған «Кирпичи» шығармасын оқығаннан кейін спортпен айналыса бастағанын, ата-анасымен татуласқанын, жұмысын ауыстырғанын, денсаулығына көңіл бөле бастағанын жазып келеді. Өз шығарманың біреудің өмірін өзгерткенін білгенде, енді тек өзін үшін ғана жазбайтынынды түсінесін.

Қай жанрда жазылса да, менің әр кітабымның негізгі өзегі — жақсылыққа үндеу. Танымалдықтың жауапкершілігі де болады екен. Бірақ сонымен бірге ол менің есімімді әйгілеп қоймай, еркіндікті де берді. Ең алдымен, біреуге ұнау үшін жазу қажеттілігінен арылдым. Табысты автор өзі қалағанын жаза алады әрі сол еңбегі арқылы табыс табады. Ол баспаларға, мемлекетке немесе демеушілерге тәуелді болмайды.

КЕЙІПКЕРДІҢ ОЙЫНЫ

— Сіз IT саласының маманысыз. Бизнесіңіз де болды. Ал әдебиетке бет бұруыңыздың сыры неде? Ішкі қалауыңыз осылай болды ма?

— Жазуға деген ішкі қажеттілік менде әрдайым болды. «Кирпичи» повесін 2004 жылы, яғни IT саласындағы мансабымды бастамай тұрып жаздым, ал әңгіме жазуды мектеп кезінен бастағанмын. Алайда «Level Up. Рестарт» романын жазғаннан кейін тек әдебиетпен айналысқым келетінін түсіндім. Содан бастап тәуекел деп, осы салаға дендеп бет бұра бастадым. Өзін білетін саладан алыстап әрі тұрақты табысыңды тастап, ешқандай кепілдік бермейтін кәсіпке бет бұру қорқыныш ұялататыны рас. Дегенмен менің мұндай қадамға бет бұруымның да себебі бар еді: ол кезде кітабымды «Эксмо» баспасы қабылдап қойған. Кейін романдарым Amazon АҚШ платформасындағы фантастика санатының үздік кітаптары қатарына

Кітаптарын сатып байыған қазақ жазушысын білесіз бе? Әлем әдебиеті нарығына оп-оңай еніп, бүгінде Amazon платформасындағы фантастика жанры бойынша үздіктер қатарына енген қазақ жігіті бар. Ол – Данияр Сугралинов. Оның есімі әлемге танылып қана қойған жоқ, әрі табысты кәсіпкерге айналды. Бірде Америкада, бірде Қазақстанда өмір сүретін жазушының бүгінгі әдебиет туралы ойлары бөлек. Ол жазушылықты жазу ғана деп түсінбейді, мұның кәсіп екенін бағамдап үлгерген. Бүгінгі қазақ жазушыларына да ең қажеті маркетинг екенін өз ісімен дәлелдеп жүр.

Данияр СУГРАЛИНОВ, жазушы:

БҮГІНГІ ЖАЗУШЫ ҒАНА ЕМЕС,

енді. Бұл жетістіктер қанаттандыра түсті. Бойымдағы қорқынышты жеңіп, сенім пайда болды. Шынымды айтсам, бизнестегі әрі IT саласындағы тәжірибем де кәдеге жарады. Бүгінгі жазушы тек қаламгер ғана емес, кәсіпкер. Ол мұқаба дизайнері де, пиар маманы да, сатушы да, өзіне-өзі басшы да болуы керек. Бір жағынан, қазір жазушы болу оңайырақ: шығарманды жазасың, интернетке жариялайсың, өзін басып шығарып, маркетинг-плейстерге орналастырасың. Екінші жағынан, осының бәрімен өзін айналысқан, онда жазуынды кім жазады деген сұрақ қылтияды?!



Меніңше, мәселе – мойындауда емес, уақыт пен нарыққа байланысты. Жанрлық әдебиет жаппай кітап нарығы қалыптасқан жерде дамиды. Ол үшін кітап дүкендерінің кең желісі, өзін-өзі жарнамалау платформалары және электронды кітапқа ақша төлеуге дағдыланған аудитория қажет.

— LitRPG жанры — қазақ оқырманы үшін әлі де түсініксіздеу, тосындау. Бұл жанрдың басты артықшылығы неде деп ойлайсыз?

— LitRPG — кейіпкердің өмірі ойын тәрізді құрылған әдеби жанр. Онда кейіпкердің деңгейі, қабілетін ойын арқылы көрсетеді. Бұл жанрдың ерекшелігі — оқырманға түсінікті құрылуында. Ал шынайы өмірде адам жылдар бойы еңбек етіп, оның қайтарымын көрмеуі мүмкін. LitRPG-де кейіпкер күш салса, жаңа деңгейге көтеріле алады. Меніңше, мұндай кітаптарды оқыған адам күнделікті күйбең тіршіліктен, тұрмыстық мәселелерден, тіпті өмірдегі әділетсіздіктен бір сәт арылады. Ал бұл жанрдағы үздік шығармалар оқырманды ойландырып қана қоймай, өмірге көзқарасын өзгертіп, алға жетелейді. Оның (оқырманның) өз өмірі де белгілі бір дәрежеде ойын секілді және

онда да адам өзін дамытып, жаңа деңгейге көтеріле алады.

— Level Up, «Дисгардиум» сияқты серияларыңызда ойын логикасы, даму мотиві көп кездеседі. Бұл қазіргі адамның өмір философиясына ұқсай ма?

— Мұның бәрі кездейсоқтық емес. Адамдар қазір түрлі көрсеткіштер әлемінде өмір сүреді: ұялы телефонмен байланыс, мектептегі бағалар, жұмыстағы KPI. Ойын-

дық ойлау — осы шынайы өмірдің нақты көрінісі ғана. Алайда мен «жаңа деңгейге көтерілу» ұғымына компьютер пайда болғанға дейін-ақ ата-бабаларымыз ұстанған ежелгі мағынаны сыйғызуға тырысамын. Адамдар үнемі жетіліп отыруға тиіс. Ол күшті, парасатты болып, халқына көбірек пайдасын тигізуі керек. Ойын формасы — бүгінгі жас оқырманның өзін-өзі жетілдіруі, соған дайындығы, көрсеткіші.

ӘЛСІЗ ШЫҒАРМАНЫ НАСИХАТ КҰТҚАРА АЛМАЙДЫ

— Қазақ авторларының әлемдік әдеби нарыққа шығуы үшін ең алдымен не керек деп ойлайсыз? Тіл білгені жөн бе, әлде жақсы шығарма жазуы қажет пе? Мүмкін маркетингті меңгергені жөн бе?

— Үшеуі де қажет, бірақ олардың маңызын түсінгені абзал. Әрине, ең бі-

рінші — көркем шығарма. Өйткені маркетинг сапасыз кітапты бір-ақ рет сатуы мүмкін. Одан кейін оқырман оны қажетсінбейді. Екінші маңызды дүние — аударма. Ең алдымен, кәсіби аудармашыны табу міндетті. Менің кітаптарым ағылшын, неміс, поляк және чех тілдеріне аударылған. Өзімнің де аударуға мүмкіндігім болғанымен, бұл жұмысты қолға алған жоқпын. Өйткені сол тілмен бірге өсіп, оны ана сүтімен бойына сіңірген адам ғана кітапты оқырманға түсінікті әрі табиғи етіп аудару алады. Үшінші орында — маркетинг. Amazon платформасында кітапты насихаттамасаңыз, оны ешкім байқамауы мүмкін. Қазақстанда көп жағдайда естен шығарылатын төртінші талапты да қосар едім. Өйткені бізде жанрлық әдебиет жазатын авторлар аз. Ол — шығармалардың сериямен шығуы. Батыс, әсіресе Азиядағы жанрлық әдебиет нарығы ұзақ циклдер мен көптомдық серияларды ұнатады. Бір кітап, тіпті өте жақсы шығарма болса да, авторды тұрақты табыспен қамтамасыз ете алмайды.

— Қазіргі цифрлық дәуірде жазушы тек шығарма жазып қана қоймай, өзін де таныта білуі керек емес пе?

— Солай болуы керек шығар. Болмаса, бұл жұмыстарды өзі үшін атқаратын мамандарды жалдауға жеткілікті табыс табуы қажет. Қолжазбасын баспаға тапсырып, атак-даңқ күтіп отыратын жазушының романтикалық бейнесі өткен ғасырмен және қоғамның қаламгерлерге жасаған барлық артықшылықтарымен бірге тарих қойнауында қалды. Бүгінде автор блогын өзі жүргізеді, оқырмандарымен тәулік бойы байланыста болады, кітап мұқабаларын, жарнаманы және түрлі платформалардағы жарияланымдарды өзі қадағалайды. Бұл тұрғыда менің жолым болды: IT мен бизнес саласындағы бұрынғы тәжірибемнің де септігі тиді. Дегенмен бір



ЖАНСАРАЙ

25 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ

маңызды жайтты атап өткім келеді: жарнама мен насихат жақсы кітаптың танылуына көмектесетін шығар, бірақ әлсіз шығарманы құтқара алмайды. Сондықтан жазушы уақытының 90 пайызын бәрібір көркем дүние тудыруға тырысуы керек.

ФЭНТЕЗИ БІЗДІҢ ҚАНЫМЫЗДА БАР

— Қазақ аудиториясына танылу жағы маңызды ма, әлде әлемдік нарықты бағындыру ма?

— Мен үшін бұл «не анау, не мынау» деп таңдау жасайтын мәселе емес. Әлемдік нарық ауқымы кең әрі табыс табуға мүмкіндік береді. Ал өз елінде мойындалудың мәні мүлде бөлек.

Мен Қазақстан Жазушылар одағының және Қазақстан ПЕН-клубының мүшесімін. Бигелді Ғабдуллинмен бірге «Аударма» баспасының негізін қаладық. Еліміздегі қаламгерлер қауымдастығының жұмысына белсенді араласып, жас авторларға түрлі жолмен қолдау көрсетіп келемін. Мәселен, қазір қазақстандық «Өз кітабыңның авторы» әдеби байқауының қазылар алқасының құрамындамын. Ал

онда отандық авторлардың кітаптары тұрғанын байқайсыз. Қазақ тілінде жазылатын алғашқы ірі фантастикалық бестселлердің жарық көруі — алдағы бірнеше жылдың еншісіндегі дүние екеніне сенімдімін. Өйткені бізде дәстүр бар. Қазақ мәдениетінде ғасырлар бойы қалыптасқан батырлар жыры, рухтар мен өзге әлемдер туралы хикаялар көп. Мұны ауыз әдебиетінен жақсы білеміз. Фэнтези — біздің қанымызда бар, тек бұрын ол басқаша аталған.

— Қазір — жасанды интеллект дәуірі. Бұл жазушының шығармасының танылуына кедергі келтірмей ме?

— Жасанды интеллектінің дамуын мұқият бақылап отырамын. Өзім де шығарманы жоспарлау, кейіпкерлердің картасын жүргізу және олардың бейнесіне арналған референстерді әзірлеу кезінде қолданамын. Бұл — көп жұмысты жеңілдететін тамаша құрал. Ол мәтінді жақсы талдап, әлсіз тұстарын көрсете алады, сондай-ақ түзету мен редакциялауға көмектеседі. Қазірдің өзінде жасанды интеллект жатық мәтін жаза алады. Алдағы уақытта мұндай мәтіндер саны бірнеше есе көбейетіні рас. Бірақ бір-біріне ұқсас контент мұхитында

ҚАЛАМГЕР КӘСІПКЕР



құзде Алматыда өткен жазушылар резиденциясына қатыстым. «Кирпичи 2.0» шығармасының желісімен Қазақстанда фильм түсіріліп, ол Мәскеу халықаралық кинофестивалінің Гран-при жүлдесін иеленді. Сондықтан әлемдік нарық — жұмыс, ал Қазақстан — үй. Үйде адам ақша табамын деп ойламайды, тек өзіңмен мақтанғанын қалайсың.

— Қазақ әдебиетінде фантастика, хоррор, триллер, LitRPG жанры толық мойындалмай жатыр. Мұның себебі неде деп ойлайсыз?

— Меніңше, мәселе — мойындауда емес, уақыт пен нарыққа байланысты. Жанрлық әдебиет жаппай кітап нарығы қалыптасқан жерде дамиды. Ол үшін кітап дүкендерінің кең желісі, өзін-өзі жарнамалау платформалары және электронды кітапқа ақша төлеуге дағдыланған аудитория қажет. Орыстiлдi нарық бұл жолды жиырма жылда жүріп өтті. Ал біздің нарық қазір осы кезеңнен енді өтіп жатыр және бұл үдеріс ойлағаннан да жылдам жүруде. Онлайн платформалар пайда болып, қазақ тіліндегі аудиокітаптар жарыққа шыға бастады. Жас авторлар көбейіп, әдеби курстар, мектептер мен клубтар ашылып жатыр. Кітап жәрмеңкелері өткізіліп, заманауи баспалар жұмысын бастады. «Меломан» дүкеніне кірсеніз,

оқырман өзі сенетін тірі авторларға бетбұрыс жасай бастайды. Жазушының танымалдығы стильдің жатықтығымен емес, ешкім қайталай алмайтын жеке тәжірибесі арқылы қалыптасады. Мысалы, менің Ақтөбеде өткен балалық шағым, отбасыма көмектесу үшін жасөспірім шағымнан жұмыс істеген кездерім, токсаныншы жылдардағы ауыртпалық, инсульт алған анам жатқан Алматыдағы жансақтау бөлімінде өткізген түндерім, Астанадағы бизнестен әдебиетке келген жолым, «Кирпичидін» алғашқы интернет оқырмандары — мұның бәрі жасанды интеллектіде жоқ. Жасанды интеллект — кезінде жазу машинкасы мен мәтін редакторы қандай құрал болса, дәл сондай көмек құралы. Ол тек жинақтары бұрыннан-ақ өзге авторлардың шығармаларынан ажыратылмайтын қаламгерлер үшін қауіпті болуы мүмкін. Ал өзі де қызықты жаза алатын авторлар үшін жасанды интеллект керемет көмекшіге айналады. Ең бастысы, одан өз орнына мәтін жазуды сұрамау. Әйтпесе, жазу дағдынан айырылып, соңында «бармақ тістеп» қалуың бек мүмкін.

— Әңгімеңізге рақмет!

Әңгімелескен Гүлзина БЕКТАС

ДАМУ

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ТАЗА ҰСТАУ – МІНДЕТ

Алматы облысында әр апта сайын өтетін «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында ерекше кездесу ұйымдастырылды. Облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев коммуналдық қызметкерлермен бірге жағажайды қоқыстан тазартып, кейін қарапайым жұмысшылармен таңғы ас үстінде әңгімелесті.



Қонаев қаласының тазалығына жауапты жұмысшылар үшін бұл күтпеген кездесу болды. Таңмен таласа тұрып, көше сыпыруға шығатын коммуналдық қызмет мамандары өңір басшысымен бірге тазалық жұмыстарын жүргізді. Тіпті, көкейдегі сұрақтарын қойып, еркін пікір алмасты.

Әкім еңбек адамдарының күнделікті тіршілігіне, жұмыс жағдайына, мамандықтың қиындығына және тұрғындардың тазалық мәдениетіне қатысты ойын тыңдады. Ресми жиындардағыдай емес, ашық форматтағы әңгімеде жұмысшылар өз ұсыныстары мен мәселелерін бүкпесіз жеткізді.

Тазалық жұмыстары аяқталған соң кездесу ақ дастарқан басында жалғасты. Таңғы ас үстінде әңгіме тек коммуналдық сала төңірегінде өрбіген жоқ. Қатысушылар өңірдің дамуы, көшелердің тазалығы, отбасы, бала тәрбиесі, күнделікті өмір мен еңбек адамдарының қоғамдағы орны туралы да ой алмасты.

Коммуналдық қызметкерлер мұндай кездесуден ерекше әсер алғанын жасырмады. Олар қарапайым жұмысшыларға көңіл бөліп, уақыт тапқан облыс басшысына ризашылықтарын білдірді.

Кездесу соңында коммуналдық қызметкерлерге естелік сыйлықтар табысталып, көше тазалығына жауапты жұмысшыларға әкім алғыс айтты.

«Өңірдің таза әрі жайлы болуы — сіздердің күн сайын атқарып жүрген жауапты қызметтеріңіздің нәтижесі. «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы еліміздің Конституциясында белгіленген негізгі қағидаттың бірі. Қоршаған ортаны, туған жерімізді таза ұстау — баршамыздың міндетіміз. Осы мақсатта атқарып жүрген еңбектеріңіз үшін Сіздерге шынайы алғысымды білдіремін», — деді облыс әкімі.

Айта кетейік, Алматы облысында әр апта сайын «Таза бейсенбі» шарасы тұрақты түрде ұйымдастырылады. Оған тұрғындар, бизнес өкілдері, жастар, қоғам белсенділері мен мемлекеттік мекеме қызметкерлері қатысуда. Ал еңбек адамдарының қоғамдағы мәртебесін арттыру, экологиялық мәдениетті нығайту және жергілікті билік пен тұрғындар арасындағы ашық диалогты дамытуға бағытталған бүгінгідей кездесулер алдағы уақытта да жалғасын таппақ. Бұл коммуналдық сала қызметкерлерінің ұсыныстары мен мәселелерін тікелей тыңдап, олардың еңбегіне құрмет көрсетуге мүмкіндік береді.



АЙМАҚ

25 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ



Былыр Тараз қаласында екі аудан құрылғаны белгілі. Бұл қала халқының санын екі есе арттырып қана қоймай, шешімі кезек күттіртпейтін түйткілдерді де көбейтті. Соның бірі – мал жаю мәселесі.

ЖАЙЫЛЫМ – ТӨРТ ТҮЛІК БАҚҚАННЫҢ ТІЛЕГІ

А Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Шаһарға жақын орналасқан Байзақ пен Жамбыл ауданына қарасты болған ауыл тұрғындары қалаға қосылғаннан бері төрт түліктерін қайда жаярын білмей қиналуда. Ал қала көшелерінде, тұрғын үй аулаларында, саябақтар мен өзен жағалауларында жайылып жүрген мал байырғы қала тұрғындарының тұрмысына қолайсыздық туғызуда. Себебі бұл мәселе тек ветеринариялық немесе санитарлық талаптар шеңберінде ғана емес, қоғамдық тәртіп пен жол қауіпсіздігі тұрғысынан да алаңдатып отыр.

Ветеринариялық қызмет мамандарының айтуынша, қала аумағында мал өсіруге қатысты заң талаптарын сақтау – әрбір мал иесінің міндеті. Себебі төрт түлікті қараусыз жіберу немесе белгіленбеген жерлерде жаю қоғамдық орындардың ластануына, жасыл желектердің бүлінуіне, тұрғындарға келенсіздік туғызып және жол-көлік оқиғаларына себеп болуы мүмкін. Осындай келенсіз жағдайлардың алдын алу мақсатында қазір Тараз қаласының әкімдігі, ветеринариялық қызмет пен полиция қызметкерлері түсіндіру және рейдтік шараларды күшейтуде.

Қазір Тараз қаласының әкімшілік аумағындағы жайылым жер көлемі қолдағы мал басын толық қамтамасыз етуге жеткіліксіз. Мәселен, Жібек жолы ауданында анықталған жайылым көлемі небәрі 76,93 гектарды құрайды. Ал осы ауданда тіркелген 5 мыңнан астам ірі қара, 9 мыңнан астам ұсақ мал, мыңға жуық жылқы мен басқа да үй жануарлары үшін мұндай аумақ жеткіліксіз екені анық. Бұл қала ішінде мал жаюға мүмкіндік жоқ екенін және мәселені заң талаптарына сәйкес ұйымдастыру қажеттігін көрсетеді.

– Жібек жолы ауданында жеке қосалқы шаруашылықпен айналысатын тұрғындардың са-

ны жылдан жылға артып келеді. Бұл ауыл шаруашылығының дамуына оң ықпал еткенімен, жайылымдық жерлердің тапшылығы мәселесін де өзекті етіп отыр. Қазір аудан аумағында бар болғаны 76,93 гектар жайылым жер бар. Ал тіркелген төрт түлік саны бұл аумақтың мүмкіндігінен бірнеше есе жоғары. Сондықтан қала аумағында малды еркін жаюға мүмкіндік жоқ.

Осыған байланысты аудан әкімдігі тұрғындарға малды тек өз аулаларындағы қора-жайларда ұстауды және жайылымға шығарған жағдайда оны қала сыртындағы ресми белгіленген жайылымдарға ұйымдасқан түрде айдауды ұсынады. Бұл бағытта көршілес аудандардағы жайылым пайдаланушыларымен және бақташылармен келісім жасау тетіктері қарастырылған.

Біздің бөлімнің негізгі міндетінің бірі – тұрғындарға ауыл шаруашылығы саласындағы заң талаптарын түсіндіріп, мал шаруашылығын тиімді әрі қауіпсіз жүргізуге жағдай жасау. Мал иелерінің ветеринариялық-санитариялық нормаларды сақтауы, төрт түлікті қараусыз қалдырмауы және заң талаптарына сәйкес ұстауы қоғамдық тәртіп пен қала тазалығының сақталуына тікелей әсер етеді.

Жайылым мәселесін бірлескен жауапкершілік арқылы ғана шешуге болады. Сондықтан аудан тұрғындарын белгіленген тәртіпті сақтауға, малды ұйымдасқан түрде бағуға және қала аумағында заңсыз жаюға жол бермеуге шақырамыз. Бұл – бір жағынан тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етсе, екінші жағынан қаланың санитарлық тазалығы мен экологиялық ахуалын жақсартуға мүмкіндік береді, – дейді Жібек жолы ауданы әкімдігі көсіпкерлікті қолдау және ауыл шаруашылығын дамыту бөлімшесінің басшысы Назима Ситалиева.

Бүгінде Тараз қаласының аумағында көшелерде, саябақтарда, көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларында, гүлзарларда, өзен жағалауларында және басқа да қоғамдық орындарда төрт түлікті

жаюға заңмен тыйым салынған. Қала ішінде қараусыз жүрген мал тұрғындарға қолайсыздық туғызып қана қоймай, қоғамдық мүлікке залал келтіреді. Әсіресе, көгалдандырылған аумақтардың бүлінуі, балалар ойын алаңдарының ластануы және санитарлық талаптардың бұзылуы қала мәдениетіне нұқсан тигізеді.

Ветеринариялық қызмет мамандарының пікірін-

лығын қорғауға, жұқпалы аурулардың алдын алуға және санитарлық тазалықты қамтамасыз етуге бағытталған.

Егер мал иесі төрт түлігін жоспарласа, онда оны қала шекарасынан тыс орналасқан ресми бекітілген жайылымдарға айдауы қажет. Мұндай жағдайда көршілес аудандардағы жайылым пайдаланушыларымен немесе бақта-



Осыған байланысты аудан әкімдігі тұрғындарға малды тек өз аулаларындағы қора-жайларда ұстауды және жайылымға шығарған жағдайда оны қала сыртындағы ресми белгіленген жайылымдарға ұйымдасқан түрде айдауды ұсынады.

ше, малды дұрыс күтіп-бағу ең алдымен оның денсаулығы мен иесінің жауапкершілігін көрсетеді. Сондықтан жеке секторда тұратын азаматтар малды тек өз ауласындағы арнайы қораларда ұстауы қажет. Қора-жайлар белгіленген ветеринариялық-санитариялық талаптарға сай болуы, әрбір мал басына жеткілікті орын қарастырылып, көршілес тұрғын үйлермен арадағы санитариялық арақашықтық сақталуы тиіс. Бұл талаптар тұрғындардың денсау-

шылармен келісім жасалып, мал ұйымдасқан түрде бағылуы тиіс. Бұл талап малдың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, қала ішіндегі заңсыз мал жаю деректерінің алдын алады.

Мамандар ерекше назар аударатын мәселенің бірі – қараусыз жүрген малдың жол қауіпсіздігіне төндіретін қаупі. Қала көшелері мен республикалық маңызы бар автожолдарға шығып кеткен төрт түлік жол қозғалысына қатысушылардың өміріне елеулі қауіп

төндіреді. Жүргізушінің күтпеген сәтте жолға шыққан малды айналып өтуге әрекет жасауы ауыр жол-көлік оқиғаларына алып келуі мүмкін. Мұндай кайғылы жағдайлардың салдары адам өміріне қауіп төндіріп қана қоймай, үлкен материалдық шығындарға да әкеледі. Сондықтан ветеринариялық қызмет өкілдері мал иелерін қоршауларды күшейтіп, төрт түлікті бақылаусыз жібермеуге және жол қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтауға шақырады.

– Жібек жолы ауданына қарасты №4 аумақтық округте тұрғындар тарапынан жеке қосалқы шаруашылықта мал ұстау кенінен таралған. Алайда соңғы уақытта төрт түліктің көшелерде, қоғамдық орындарда және жол бойында қараусыз жайылу фактілері жиілеп отыр. Мұндай жағдайлар тұрғындардың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне қолайсыздық туғызып қана қоймай, қала тазалығының бұзылуына, көлік қозғалысының қиындауына және жол-көлік оқиғаларының қаупін арттырады. Осыған байланысты округ аумағында аудан әкімдігі, ветеринариялық қызмет және полиция басқармасымен бірлесіп тұрақты түрде түсіндіру және рейдтік жұмыстар жүргізілуде. Негізгі мақсат – тұрғындарды жазалау емес, заң талаптарын түсіндіріп, құқықбұзушылықтың алдын алу. Дегенмен ескертуге қарамастан талаптарды сақтамаған азаматтарға қолданыстағы заңнамаға сәйкес әкімшілік шаралар қолданылады, – дейді №4 аумақтық округ бойынша аудан әкімінің бас инспекторы Н.Жұмағұлов.

Айта кету керек, заң талаптарын орындамау әкімшілік жауапкершілікке алып келеді. Ал қараусыз немесе заңсыз жайылып жүрген мал арнайы айып тұрағына жеткізіледі. Ал оның иесіне Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 408-бабына сәйкес әкімшілік шаралар қолданылады. Алғашқы құқықбұзушылық үшін 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынса, қайталанған жағдайда оның көлемі 5 айлық есептік көрсеткішке дейін ұлғаяды. Егер қараусыз жүрген мал өзгені егістігіне, бау-бақшасына немесе мүлкіне зиян келтірсе, айыппұл мөлшері 10 айлық есептік көрсеткішке дейін жетеді. Сонымен қатар келтірілген материалдық шығынды өтеу міндеті де заң аясында қаралады.

Бұл мәселе күні кеше Тараз қаласы әкімдігінде өткен жиында да қаралды. Онда шаһар басшысы Бақытжан Оранбеков қараусыз жайылып жүрген малдарды әкімдік тарапынан бекітілген арнайы қораларға қамауды тапсырды. Төрт түлік иесі малын қорадан айыппұл төлеп қана алып кете алатын болады. Бір сөзбен айтқанда, енді тұрғындар көлігін айыптұрағынан алып кеткендей, төрт түлігін айыпқораларынан іздейтін болады. Бұл жүйе қаншалықты жемісін беретіні белгісіз. Алайда «Қалада мал жайылатын орын болмаса, тұрғындар төрт түлігін қайда апарайды?» деген орынды сұрақ туады.

ДАУА

25 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ



— Әлинұр мырза, қазіргі медицинада қатерлі ісіктің терапияға төзімділігі — күрделі мәселелердің бірі. Сіздің дәл осы бағытқа бет бұруыңыздың себебі неде?

— Медицинада кей жағдайда тиімді препараттар уақыт өте келе әсерін жоғалта бастайды. Бұл менің дәл осы зерттеумен айналысуыма түрткі болды. Кейде бір ғана мутация ісік жасушасын терапияға төзімді ете алады. Ал менің MIT-тегі жұмысым осы өзгерістерді жүйелі түрде зерттеуге жол ашты. Біздің мақсатымыз — қатерлі ісік жасушаларына емнен кейін де тірі қалуға мүмкіндік беретін мутацияларды анықтау. Ол үшін Base editing әдісі арқылы CDK ақуыздарында жүздеген мутация жасап, олардың дәрілік препараттарға қандай реакция беретінін тексеріп көрдік.

— Кейінгі уақытта мамандардың қатерлі ісікті жоюға ғана емес, оның бейімделу және өмір сүру механизміне көбірек назар аударатыны байқалады. Сіздіңше, бұл ғылыми парадигманың өзгеруіне не әсер етті?

— Иә, бұрын қатерлі ісік көбіне біртекті жасушалар массасы ретінде қарастырылатын. Қазір біз бір ісіктің өзінде генетикалық және функционалдық тұрғыдан әртүрлі жасушалар болатынын білеміз. Терапия сол жасушалардың бір бөлігін жояды, бірақ төзімді жасушалар тірі қалып, қайта көбейе алады. Геномды секвенирлеу, CRISPR технологиялары, single-cell және spatial genomics сияқты әдістер ісіктің үнемі өзгеріп, эволюцияланып отыратын жүйе екенін көрсетті. Терапияның өзі де ісікке белгілі бір селекциялық қысым жасайды. Сондықтан қазіргі онкология «Ісікті қалай жоямыз?» деген сұрақпен шектелмейді.

— Ісік жасушалары терапияға қалай бейімделеді?

— Негізінен, ісік жасушалары терапияға бірнеше жолмен бейімделе алады. Біріншіден, препарат әсер ететін ақуызда мутация пайда болып, препараттың оған байланысуы нашарлауы мүмкін. Біздің MIT-тегі зерттеуіміз осы механизмге бағытталған. Екіншіден, ісік жасушасы препарат бөгеген сигналдық жолды айналып өтетін басқа биологиялық жолды белсендіруі мүмкін. Үшіншіден, жасушалар препаратты сыртқа шығару, оны ыдырату немесе жасушалық өлім механизмдерін әлсірету қабілетін күшейте алады. Сонымен

қатар кейбір жасушалар уақытша баяу күйге өтіп, емдеу кезеңін «күтіп өткізуі» мүмкін. Кейін терапия аяқталған соң қайта көбейе бастайды. Бұған ісіктің микро-ортасы, иммундық жасушалар және қоршаған тіңдер де әсер етеді. Демек, төзімділік бір ғана механизмнен тұрмайды. Ол генетикалық мутациялар, жасушалық пластикалық және қоршаған ортаның ықпалы қатар жүретін күрделі эволюциялық процесс деуге болады.

— Сіз айналысып отырған зерттеу болашақта наукастарға жеке ем тағайындауға көмектесуі мүмкін бе?

— Иә, ұзақмерзімді перспективада мұндай зерттеулер жеке-лендірілген емдеу стратегияларына ықпал ете алады. Мысалы, пациенттің ісіндегі нақты мутация белгілі бір препаратқа төзімділік беретінін алдын ала білсек, дәрігер басқа препаратты немесе бірнеше препараттың комбинациясын таңдай алады. Біздің зерттеуіміз әртүрлі мутациялардың түрлі CDK ингибиторларына қалай әсер ететінін салыстыруға мүмкіндік береді. Бір мутация бір препаратқа төзімділік туғызғанымен, басқа препаратқа сезімталдықты сақтауы ықтимал. Мұндай деректер болашақта емді наукастың генетикалық ерекшеліктеріне қарай таңдауға негіз болады. Дегенмен зертханада алынған нәтижелерді бірден клиникалық тәжірибеге енгізуге болмайды. Олар алдымен қосымша зерттеулер арқылы тексерілуі қажет.

— Қазір жасанды интеллектің медицинадағы мүмкіндіктері туралы жиі айтылып жүр. Ал сіздің зерттеу жұмысыңызда жасанды интеллект пен деректерді талдау қаншалықты маңызды рөлге ие?

— Біздің зерттеуімізде деректерді талдау өте маңызды рөл атқарады дер едім. Бір эксперименттің өзінде мыңнан астам генетикалық нұсқа зерттелуі мүмкін. Сондықтан әр мутацияның қаншалықты жиі кездесетінін, дәрінің әсерінен оның үлесі артқанын немесе азайғанын, сондай-ақ бұл өзгерістің статистикалық тұрғыдан маңызды екенін анықтау қажет. Ол үшін арнайы биоинформатикалық әдістерді қолданамыз. Бұл тәсілдер бізге генетикалық деректерді өңдеуге, мутацияларды анықтауға және олардың дәрілерге қалай жауап беретінін бағалауға көмектеседі. Сондай-ақ анықталған мутацияларды ақуыздардың құрылымымен салыстырып, олардың дәрінің әсеріне қалай ықпал етуі мүмкін екенін зерттейміз. Қазір жұмысымызда жасанды интеллектіден гөрі статистикалық талдау мен биоинформатика әдістері көбірек қолданылады. Алайда болашақта жасанды интеллект генетикалық және биологиялық де-

Әлемдік ғылымның алдыңғы шебінде тұрған беделді оқу орны саналатын Массачусетс технологиялық институтының (MIT) зерттеу тобында қазақ зерттеушісі ғылыммен айналысып жүргенін білесіз бе? Әлинұр Джаболдинов мұнда қатерлі ісіктің терапияға төзімділігін зерттейді. MIT командасы әзірлеген фреймворк ісіктердің емге қарсы тұруына себеп болатын мутацияларды тауып, 10-нан астам жаңа нұсқаны анықтаған. Осыған дейін қазақстандық жас ғалым АҚШ пен Аустралиядағы жетекші зерттеу орталықтарында жұмыс істеп үлгерген. Сол кезеңде ол Trudeau Institute-та тұмауға қарсы әмбебап вакцина жасауға қатысқан. Біз жақында Әлинұр Джаболдиновпен тікелей байланысқа шығып, оның MIT зертханасындағы тәжірибесі туралы сұхбаттастық.

Әлинұр ДЖАБОЛДИНОВ,
зерттеуші, Hamilton College түлегі:

ҚАЗІРГІ ОНКОЛОГИЯ

«ІСІКТІ ҚАЛАЙ ЖОЯМЫЗ?»

ДЕГЕН СҰРАҚПЕН ШЕКТЕЛМЕЙДІ

ректтерді біріктіріп, әлі зертханада тексерілмеген мутациялардың әсерін болжауға көмектесуі ықтимал.

— MIT секілді әлемдік деңгейдегі беделді зертханада жұмыс істеп, тәжірибе жинау ғылымға деген көзқарасыңызға қалай әсер етті?

— Расында, MIT-те алған тәжірибем маған ғылымның идеядан ғана емес, темірдей тәртіптен, дәлдік пен үздіксіз еңбектен тұратынын көрсетті. Мұнда әрбір нәтижені бірнеше әдіспен тексеру, эксперименттің барлық кезеңін құжаттау және теріс нәтижелердің өзін жасырмай талдау — маңызды. Бұл тұста маған берілген ғылыми еркіндік те айрықша әсер етті деп ойлаймын. Студент немесе жас

бетінше ойланып, шешім қабылдауына, зерттеуші ретінде тез қалыптасуына ықпал етеді.

— Сіздіңше, қазақстандық жастардың әлемдік зерттеу қауымдастығына толыққанды енуіне не кедергі?

— Басты кедергілердің бірі — қоғамда тез табыс табуға, қысқа мерзімнің ішінде мансаптық өсуге бағытталған үрдістің күшеюі деп ойлаймын. Ғылым көп жағдайда ұзақ жылдық еңбекті, тұрақтылық пен нәтижесі бірден көзге көріне қоймайтын үлкен жұмысты талап етеді. Сондықтан көптеген қабілетті жас қоғамға ұзақмерзімді пайда әкелетін ғылымды емес, табысы мен мансаптық өсімі жылдам жүретін салаларды таңдауға

— Қазір ғылымды қазақ тілінде сөйлетуге, ғылыми пікірталасты ана тілімізде жүргізуге толық мүмкіндік бар. Бірақ бүгінгі әлемдік ғылыми әдебиеттің басым бөлігі ағылшын тілінде жарияланатынын да ескеруіміз тиіс. Сондықтан ең тиімді модель — қазақ және ағылшын тілдерін бір-біріне қарсы қоймай, қатар дамыту. Негізгі қиындықтың бірі — кейбір биомедициналық терминдердің қазақша нұсқасы бірізді емес немесе зерттеушілер арасында кең қолданылмайды. Сапалы оқулықтар, аудармалар, ғылыми редакторлар және қазақ тіліндегі рецензиялау жүйесі де жеткіліксіз. Жас ғалым көбіне терминді дәл аудару мен оның халықаралық ғылыми мағынасын сақтаудың арасында қиындыққа тап болып жатады. Сол себепті қазақша ғылыми терминологияны мамандардың қатысуымен жүйелі дамыту қажет деп санаймын.

— АҚШ-та білім алып жүріп ғылыми ойлау тұрғысынан қазақстандық және америкалық студенттер арасында қандай айырмашылықтарды байқадыңыз?

— Қазақстандық студенттердің теориялық дайындығы, еңбек-қорлығы және нақты есептерді шешу қабілеті жоғары болып келеді. Бірақ біздің білім беру жүйемізде дайын дұрыс жауапты табуға көбірек мән берілетінін де мойындауымыз тиіс. Сол себепті кейбір студенттер өз ойын ашық айтуға немесе оқытушының пікіріне сұрақ қоюға сақтықпен қарайды. Америкалық студенттер мектеп қабырғасынан бастап ашық сұрақтар қоюға, ғылыми жоба әзірлеуге, эссе жазуға немесе пікірталас жүргізуге дағдыланады. Олар идеяларының толық пісіп-жетілмегеніне қарамастан, оны көптің алдында талқылаудан қорықпайды. Десек те, осындай белсенді студенттер арасына түскен қазақстандық студенттердің ортаға тез бейімделетінін көрдім. Сондықтан бұл жерде мәселе ғылыми ойлау қабілетінде емес, сол қабілетті ерте кезеңнен дамытуға берілетін мүмкіндік пен еркіндікте деп білемін.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ



Ісік жасушалары терапияға бірнеше жолмен бейімделе алады. Біріншіден, препарат әсер ететін ақуызда мутация пайда болып, препараттың оған байланысуы нашарлауы мүмкін. Біздің MIT-тегі зерттеуіміз осы механизмге бағытталған.

зерттеуші болғанына қарамастан, сенен берілген нұсқаулықты орындаудан бөлек, өз сұрағыңды қою, эксперимент ұсыну, нәтижені сыни тұрғыдан түсіндіру күтіледі. Тағы бір атап өткім келетіні, әлемдік деңгейдегі ғылым жеке адамның жұмысы емес екенін түйсіндім. Ғылымда бір мәселені биологтар, химиктер, дәрігерлер, инженерлер және деректерді талдаумен айналысатын мамандар әр қырынан қарастырады.

— Қазақстаннан барған студент ретінде халықаралық ғылыми ортада қандай тосын тәжірибелерге тап болдыңыз?

— Ғылыми ортада адамның қай елден келгенінен гөрі, оның қандай сұрақ қоятыны, командаға қандай үлес қосатыны және жұмысын қаншалықты жауапкершілікпен орындайтыны маңыздырақ екеніне көзім жетті. Мен үшін тосын болған дүниенің бірі — студенттердің профессорларға еркін сұрақ қойып, егер ғылыми пікірімен келіспесе, оны ашық айта алуы. Сонымен қатар мұнда жас зерттеушілерге ерте кезеңнен-ақ үлкен жауапкершілік пен еркіндік беріледі. Мұндай орта адамның өз

мәжбүр. Екінші бір маңызды мәселе — Қазақстандағы ғылыми инфрақұрылымның, қаржыландыру мен зерттеу мәдениетінің жеткілікті деңгейде дамымауы. Әлі күнге дейін заманауи зертханалар мен технологияларға, сапалы менторлыққа, халықаралық ғылыми байланыстарға қолжетімділік шектеулі. Бұған қоса, ғылымды көбірек насихаттап, оны қоғам арасында танымал ету әлсіз. Жастар ғалымдарымыздың жұмысын, олардың қоғамға қосатын нақты үлесі мен ғылымдағы мүмкіндіктерді жиі көре бермейді. Бұл мәселе тек ғылыммен шектелмейді. Әлеуметтік қолдау, білім беру сапасы, академиялық еркіндік, меритократия және инфрақұрылым сияқты бағыттарда да жүйелік артта қалу бар. Соның салдарынан талантты жастар көбіне ғылымнан кетеді немесе өз мүмкіндіктерін шетелде жүзеге асыруға тырысады. Сондықтан ғылымды дамыту үшін зертханалар салу жеткіліксіз.

— Қазақ тілінде ғылым жасап, күрделі биомедициналық зерттеулер жүргізу мүмкін бе? Жас ғалымдар бұл жолда қандай қиындықтарға тап болады?

МӘСЕЛЕ

25 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ

Қазақ «бір күн ұрыстың қырық күн кесірі бар» дейді. Тегін айтылмаған, Ресей мен Украина арасындағы шиеленіс жалпы көрші аймақтарға кері әсерін тигізіп жатыр. Алысқа бармай-ақ, жанармай мәселесін алайық. Қазір көрші елде жанармай тапшылығы айқын сезіліп тұр. Бұл – экономикалық спектрдің бір қыры ғана. Атырау облысы Ресейдің Астрахань облысымен ежелден көршілес, алыс-берісі етене дамыған өңір болғандықтан, қазір атыраулықтар арасында да «жанармай тапшылығы болмай ма?» деген күдік бары рас.

Атырау жұртына ЖАНАРМАЙ? ЖЕТКІЛІКТІ МЕ?

Баян ЖАНҰЗАҚОВА,
Атырау облысы

Дәл қазіргі қалыптасқан картинаны қарасақ, Ресейде жанармай тапшылығы күшейіп, тіпті бірқатар өңірде бензин мен дизель сатуға шектеу қойылып жатыр. Әлеуметтік желілерде тараған фото-видеолардан жанармай құю бекеттеріндегі ұзын-сонар кезекті көруге болады. Тіпті, Ресейдің кейбір аймақтарында тәртіпті қамтамасыз ету үшін қосымша күш тартылғаны туралы да ақпараттар бар.

ШЕКАРАДАҒЫ ЖАҢА ҚАТЕР

Қазақстан мен Ресей нарығындағы жанармай бағасының айырмашылығы бұрыннан белгілі. Қазақстанда бензин арзанырақ болғандықтан, оны заңсыз шекара асыру әрекеттері бірлі-жарым болса да тіркеледі. Еліміздің құқық қорғау органдары көліктеріне қосымша жанармай бақтарын орнатып, отынды Ресейге тасымалдауға тырысқан азаматтарды жиі анықтауда. Ресми мәліметтерде Ішкі істер министрлігінің мемлекеттік шекарадағы бақылауды күшейткені айтылады. Бүгінде автомобиль өткізу бекеттерінің маңында 59 полиция бекеті тәулік бойы сапта тұр. Полицейлер мемлекеттік кірістер органдарымен және басқа да қызметтермен бірлесіп, шекарадан өтетін көліктерді тексеруде. Ішкі істер министрлігі жыл басынан бері заңсыз қайта жабдықталған 255 көлікті анықтағандарын мәлімдеді. Оның 195-і шетел азаматтарына, 60-ы Қазақстан азаматтарына тиесілі. Барлық жүргізуші әкімшілік жауапкершілікке тартылып, заңсыз орнатылған қосымша жанармай бақтары алынып тасталған.

Астраханьмен шектесетін Атырау өңірінде бақылау бұрынғыдан да күшейтіліп отыр. Құрманғазы ауданындағы «Шеп» бекетінде полиция қызметкерлері, арнайы жасақ, кинологиялық қызмет және мемлекеттік кірістер департаментінің мамандары тәулік бойы жұмыс атқаруда. Атырау облыстық Полиция департамен-



тінің баспасөз хатшысы Мейірім Ердәулеттің айтуынша, барлық көлік құралдары белгіленген тәртіппен тексеріліп жатыр.

«Қайта жабдықталған көліктер, қосымша бақтар және заңсыз конструкциялық өзгерістер ерекше назарға алынуда. Сонымен қатар кедендік бақылау мен қызметтік иттердің көмегімен заңсыз жүктерді анықтау жұмыстары қатар жүргізілуде», — деді ол.

Құрманғазы ауданының әкімі Абат Жанғалиевтің айтуынша, қазір шекаралық өңірде жанармайға байланысты дүрбелең жоқ. Әзірге жаппай сатып алу немесе қор жинау жағдайлары тіркелмепті. Жанармай бекеттерінде ахуал тұрақты.

САРАПШЫЛАРДЫҢ СЕКЕМІ БАР

Экономист Әлішер Бейсембаевтың пікірінше, қазір Қазақстанда жанармай тапшылығы байқалмайды. Алайда Ресейдегі жағдай ұзаққа созылса, жанама әсері болуы мүмкін.

— Қазақстанның мұнай өңдеу зауыттары ішкі нарықты толық қамтамасыз етіп отыр. Бірақ шекарадағы баға айырмашылығы заңсыз тасымалдың артуына ықпал етеді. Сондықтан мемлекеттің

басты себеп екенін айтады. Егер көрші елдегі тапшылық тереңдей түссе, шекаралас өңірлердегі сұраныс артып, көлеңкелі сауда күшеюі ықтимал. Мұндай жағдайда мемлекетке бақылауды одан әрі күшейтуге тура келеді.

Ресейдегі ахуалдың тағы бір ықтимал салдары — логистика шығындарының артуы. Атырау облысына азық-түлік пен тұрмыстық тауарлардың едәуір бөлігі Ресейдің Астрахань облысы арқылы жеткізілетіні бұрыннан белгілі. Егер көрші елде жанармай бағасы өсе берсе, автотасымалдаушылардың шығыны да артады.

Кейбір логистикалық компаниялар жанармай шы-

мек Қожахметов шекарадағы бақылаудың күшейгенін қолдайды.

— Кейінгі уақытта көліктерді бұрынғыдан мұқият қарайды. Әсіресе, қосымша бақтарға ерекше назар аударылады. Бұл — дұрыс. Өйткені арзан жанармай сыртқа кетсе, ең алдымен өзіміз зардап шегеміз. Мемлекет ішкі нарықты қорғауы керек, — дейді жүргізуші.

МҰНАЙ ӨНДЕУДІҢ МАҢЫЗЫ

Қазір Атырау мұнай өңдеу зауыты өндірісті жаңғыртып жатыр. Елдегі негізгі кәсіпорындардың бірі саналатын кешеннің жұмысы қазір жүйелі. Кәсіпорынның бас директоры Қуаныш Бишімовтің айтуынша, өндірістік қауіпсіздік талаптарына сәйкес негізгі технологиялық қондырғылар толық тексеріліп жатыр. Реакторлар, колонналар, жылу алмастырғыштар жаңартылып, бірқатар жабдыққа жаңа катализаторлар орнатылуда.

Сонымен қатар жеңіл мұнай өнімдерін өндіру көлемін арттыру үшін вакуумдық колонналардың ішкі құрылғылары жаңғыртылуда. Мамандардың айтуынша, бұл жұмыстар болашақта өндіріс тиімділігін арттырып, ішкі нарықты тұрақты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Энергетика министрлігі Қазақстанда бензин тапшылығы болмайтынын бірнеше рет мәлімдеді. Вице-министр Қайырхан Тұтқышбаевтың айтуынша, «Ресейге 50 мың тонна бензин гуманитарлық көмек ретінде жіберіледі» деген ақпарат шындыққа жанаспайды.

Сондай-ақ Қазақстан әзірге Ресейден бензин импорттамайды. Елдегі үш мұнай өңдеу зауыты ішкі сұранысты толық қамтамасыз етіп отыр. Министрлік дерегіне сәйкес, қазір қажетті жанармай қоры жеткілікті және 2026 жылдың соңына дейін тапшылық күтілмейді.

Сонымен бірге шекаралық бақылау жалғасады. Бүгінде шетелдік жеңіл және жүк көліктерінің Қазақстан аумағына тәулігіне бір реттен артық кіруіне шектеу қойылған. Бұл шаралар жанармайдың көлеңкелі экспортының алдын алуға бағытталған.

Қорыта айтқанда, Ресейдегі жанармай тапшылығы әзірге Қазақстандағы жағдайға тікелей әсер еткен жоқ. Ішкі нарықта бензин қоры жеткілікті, мұнай өңдеу зауыттары қалыпты режимде жұмыс істеп тұр. Дегенмен Қазақстан үшін негізгі қауіп — өндіріс тапшылығы емес, баға айырмашылығын пайдаланып, жанармайды заңсыз сыртқа шығаруға тырысатындардың көбеюі. Сондықтан шекарадағы бақылаудың күшеюі, заңсыз қайта жабдықталған көліктерге қарсы рейдтердің жалғасуы және ішкі нарықты қорғауға бағытталған шаралар алдағы кезеңде де өзекті болмақ. Мамандар да халықты дүрбелеңге ермеуге шақырып отыр. Ал мемлекеттік органдардың басты міндеті — елдегі жанармай қорын сақтап, Қазақстан азаматтарын отынмен үздіксіз қамтамасыз ету.



Энергетика министрлігі Қазақстанда бензин тапшылығы болмайтынын бірнеше рет мәлімдеді. Вице-министр Қайырхан Тұтқышбаевтың айтуынша, «Ресейге 50 мың тонна бензин гуманитарлық көмек ретінде жіберіледі» деген ақпарат шындыққа жанаспайды.

бақылауды күшейткені — уақытылы қабылданған шешім. Егер Ресейдегі тапшылық бірнеше айға созылса, шекаралас өңірлерде сұраныс өсіп, алыпсатарлық тәуекелі пайда болуы мүмкін. Сондықтан ішкі нарықты қорғау басты міндет болып қала берді, — дейді сарапшы.

Оның айтуынша, қазір қауіптің негізгі көзі — өндіріс емес, заңсыз экспорт. Осы тұста баға жайының басы қылтып шыға келеді. Шілде айының басындағы деректерге сәйкес, Қазақстанда АИ-92 бензинінің орташа бағасы шамамен 240 теңге болса, Ресейде ол екі есеге жуық қымбат. Дизель отыны бойынша да айырмашылық айтарлықтай. Экономистер дәл осы фактор жанармайды заңсыз тасымалдауға итермелейтін

ғынының көбеюіне байланысты тасымал тарифтерін көтеру қажеттігін айтып үлгерді. Бұл азық-түлік пен күнделікті тұтынатын тауарлардың бағасына әсер етуі мүмкін. Сол секілді қарапайым көлік жүргізушілері де алаңдап жүр. Әйтсе де, атыраулық такси жүргізушісі Нұрлан Сәрсенов кейінгі күндері жанармай бекеттерінде ерекше өзгеріс байқамағанын айтты.

— Қазір бензин бұрынғыдай сатылып жатыр. Кезек жоқ. Бірақ әлеуметтік желідегі түрлі ақпарат адамдарды алаңдатып отыр. Егер жалған ақпарат көбейсе, халық алдын ала жанармай құя бастайды. Нағыз тапшылық көбіне дүрбелеңнен туындайды, — дейді ол.

Ал халықаралық бағытта жүк тасымалымен айналысатын Ер-

ӨЛКЕ

25 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ



Кейінгі жылдары елімізде өңірлердің экономикалық дамуына қатысты мемлекеттік саясат жаңа сипатқа ие болды. Бұрын инвестиция негізінен республикалық маңызы бар қалалар мен өндірістік орталықтарға бағытталса, бүгінде экономикалық өсімнің жаңа нүктелері облыстарда қалыптасып келеді. Осы тұрғыдан алғанда, жаңадан құрылған Абай облысында қолға алынған ауқымды жобалар өңірдің ғана емес, тұтас ел экономикасының даму бағдарына ықпал ететін стратегиялық бастамаларға айналып отыр.

Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаевтың Абай облысына жұмыс сапары барысында таныстырылған өндірістік, көлік, энергетикалық және әлеуметтік инфрақұрылым жобалары өңірдің инвестициялық әлеуеті жылдан-жылға күшейіп келе жатқанын аңғартты. Әсіресе Аягөз ауданында құны 4,5 миллиард АҚШ долларын құрайтын Aidarly Mining тау-кен байыту комбинаты құрылысының басталуы елдегі соңғы жылдардағы ең ірі өндірістік инвестициялардың бірі ретінде бағалануда. Жобаның ерекшелігі — тек жаңа кен орнының игерілуінде емес. Ең алдымен, ол Қазақстан экономикасының шикізат экспортынан өңделген өнім өндіруге бағытталған жаңа кезеңіне қадам басқанын көрсетеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бірнеше жылдан бері экономиканы әртараптандыру, жоғары қосылған құны бар өндірістерді дамыту жөнінде нақты міндеттер қойып келеді. Аягөздегі жаңа өндіріс сол тапсырмалардың нақты іске асып жатқанын дәлелдейді. Жоба толық қуатына шыққан кезде жылына 75 миллион тонна кен өңдеп, 226 мың тонна мыс концентраты мен 3,55 мың тонна молибден концентратын өндіреді. Бұл көрсеткіштер Қазақстанның түсті металлургия саласындағы экспорттық әлеуетін арттыруға елеулі үлес қоспақ. Сарапшылардың пікірінше, әлемде мысқа деген сұраныс алдағы онжылдықта бірнеше есе өседі. Электромобиль өндірісі, жанарлылатын энергия көздері, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект инфрақұрылымы дәл осы металға тәуелді. Сондықтан бүгінде мыс өндіруге

ӨНДІРІС — ӨРКЕНДЕУДІҢ НЕГІЗІ



салынған инвестиция — ертенгі экономиканың негізіне салынған капитал. Бұдан да маңыздысы — өндіріс тек кен өндірумен шектелмейді. Жоба аясында байыту фабрикасы, ұсақтау кешені, энергетикалық және көлік инфрақұрылымы, инженерлік желілер, жұмысшыларға арналған заманауи вахталық қалашық салынады. Демек, бұл — тұтас өндірістік экожүйе қалыптастыратын кешенді инвестиция.

Экономикалық тұрғыдан қарағанда, жобаның тағы бір маңызды қыры — жұмыспен қамту мәселесі. Құрылыс кезеңінде және өндіріс іске қосылғаннан кейін үш мыңнан астам тұрақты жұмыс орны ашылады. Бұл тек жұмыссыздық деңгейін төмендетіп қана қоймай, жергілікті халықтың табысын арттыруға, шағын және орта бизнестің дамуына серпін береді. Өйткені әлемдік тәжірибе көрсеткендей, ірі өнеркәсіп кәсіпорнының айналасында қызмет көрсету, логистика, құрылыс, тамақтандыру және сервистік қызметтердің тұтас жүйесі қалыптасады. Мемлекет қазынасына түсетін 1,43 триллион теңгеден астам салық та жобаның экономикалық тиімділігін айқын көрсетеді. Бұл қаражат әлеуметтік нысандар салуға, жолдарды жөндеуге, білім беру мен денсаулық сақтау жүйесін дамытуға жұмсалатын маңызды қаржы көзі болмақ.

Дегенмен өңірдің дамуы тек өндіріспен өлшенбейді. Абай облысында жүзеге асып жатқан инфрақұрылымдық жобалар да тұрғындардың өмір сапасын арттыруға бағытталған. Премьер-

министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев өңірдегі жұмыс сапары аясында облыс әкімі Берік Уәлимен бірге Семей қаласындағы бірқатар стратегиялық маңызы бар инфрақұрылым нысанының жұмысымен танысты. Үкімет басшысының бірінші орынбасары әуелі ТЭЦ-1 кәсіпорнына барды. Бұл — Семей қаласын жылу энергиясымен қамтамасыз ететін негізгі стратегиялық нысандардың бірі. Кәсіпорын 433 көппәтерлі тұрғын үйді, 56 әлеуметтік нысанды, 30 бюджеттік ұйымды, 673 коммерциялық кәсіпорынды

жылу орталығы мен 22 шақырым жылу желісі жөнделді. Үкімет басшысының бірінші орынбасары жылу жүйелерін жаңғырту жұмыстарының маңызын атап өтіп, қысқы жылу маусымына дайындықты ерте бастап, барлық нысанды уақытылы әзірлеу қажет екенін айтты.

«Қыс мезгіліне дайындық — өте маңызды мәселе. Бұған жақсы дайындалуымыз керек. Біріншіден, барлық жылу жүйесін жөндеуден өткізіп, әлеуметтік, кәсіпкерлік нысандарды тексеру қажет. 1 қыркүйекке дейін барлық жылу

жүйесі дайын болуы керек», — деді Н.Нәлібаев.

Мұндай ауқымды жұмыстардың нәтижесінде жылу желілерінің тозу деңгейі бірнеше пайызға төмендейді. Бір қарағанда, бұл үлкен өзгеріс болып көрінбеуі мүмкін. Алайда инженерлік инфрақұрылым саласында әрбір пайыз — жүздеген апаттың алдын алып, мыңдаған тұрғынның жайлы өмір сүруіне мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Семейдің жаңа келбетін қалыптастыратын тұрғын үй құрылысы да қарқын алып келеді. Қарағайлы ықшам-ауданында салынып жатқан 13 көпқабатты тұрғын үйден 712 отбасы баспаналы болады деп күтілуде. Жалпы, облыс орталығында бір мезгілде 31 тұрғын үйдің бой көтеруі өңірдегі құрылыс индустриясының жандана түскенін аңғартады.

Өңір экономикасының ұзақмерзімді дамуы үшін көлік инфрақұрылымының маңызы ерекше. Осы тұрғыдан Ертіс өзені арқылы салынып жатқан жаңа автомобиль көпірі — стратегиялық жоба.



облыс бойынша жылу желілерінің тозу деңгейі төмендейді деп күтілуде. Облыс әкімі биыл Семей қаласының тарихында алғаш рет жаз мезгілінде тұрғындарға ыстық су үздіксіз беріле бастағанын айтып, бұл жылу инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстарының нақты нәтижесі екенін жеткізді. Айта кетерлігі, былтыр Үкіметтің қолдауымен жылыту маусымына дайындық жұмыстары аясында жалпы сомасы 12,6 млрд теңге 23

Қазір мұндағы құрылыс-монтаж жұмыстары 70 пайызға орындалған. Жобада көзделген тоғыз тіректің сегізін орнатты. Көпір төрт жолақты қозғалысқа есептелген, ені — 23 метр, ұзындығы 810 метр болады. Құрылысты аяқтау үшін арнаулы мемлекеттік қордан қаражат бөлінген. Ал ескі көпір халықтың серуендеуіне, демалуына қолайлы жаяу жүргіншілер көпіріне айналады. Үкімет басшысының бірінші орынбасары

көлік өткелінің стратегиялық маңызын атап өтіп, бөлінген қаражатты тиімді игеруді және көпір арқылы көлік қозғалысын биыл қамтамасыз етуді тапсырды. Көпір құрылысы аяқталған соң қаладағы көлік қозғалысы едәуір жеңілдеп, транзиттік әлеуеті артады деп күтілуде. Бұл логистикалық шығындарды азайтып, инвесторлар үшін өңірдің тартымдылығын күшейтпек. Бұған қоса, бір ғасырдан астам тарихы бар Семей теміржол вокзалы қайта жаңғыртылып, заманауи талаптарға сай жаңа кейіпке енбек. 1915 жылы салынған вокзал ғимаратына соңғы рет 2013 жылы күрделі жөндеу жүргізілген. Жалпы, облыста он теміржол вокзалының жаңартылуы көлік инфрақұрылымын кешенді дамытуға бағытталған мемлекеттік саясаттың жалғасы екенін көрсетеді.

Нұрлыбек Нәлібаевтың жұмыс сапарындағы тағы бір маңызды нысан — Бесқарағай ауданындағы «Семей орманы» резерватының орман тұқымбағы болды. Соңғы жылдары орман өрттері табиғатқа ғана емес, экономикаға да үлкен қауіп төндіріп отырғаны белгілі. Сондықтан орман қорын қалпына келтіру экологиялық міндетпен қатар ұлттық қауіпсіздік мәселесіне айналды. Канонер қадағы кешеннің жыл сайын 3,18 миллион түп қарағай көшетін өсіруі — осы бағыттағы маңызды жетістік. Швед технологиясына негізделген жабық тамыр жүйесі көшеттердің жерсіну деңгейін 90 пайызға дейін жеткізіп отыр. Ал Жанасемей ауданында салынатын жаңа тұқымбақ іске қосылса, бұл көрсеткіш екі есеге жуық өседі. Бұл бастама Абай облысының өндіріс пен экологияны қатар дамытуға ұмтылып отырғанын аңғартады. Өйткені қазіргі заманғы тұрақты экономикалық даму табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды қатар қарастыруды талап етеді.

Жалпы алғанда, Премьер-министрдің бірінші орынбасарының жұмыс сапары барысында таныстырылған жобалар Абай облысының бүгінгі даму бағытын айқындайтын маңызды көрсеткіш болды. Бір жағынан — миллиардтаған долларлық өндірістік инвестициялар, екінші жағынан — жанырып жатқан жылу жүйесі, тұрғын үйлер, көпірлер мен теміржол вокзалдары, үшінші жағынан — орман қорын қалпына келтіруге бағытталған экологиялық жобалар.

Мұның барлығы бір ғана мақсатқа қызмет етеді — өңір экономикасын әртараптандыру, халықтың әл-ауқатын арттыру және Абай облысын еліміздің жаңа экономикалық өсім орталықтарының біріне айналдыру.

Жаңа облыстың құрылғанына төрт жылға жуық уақыт өтсе де, бүгін қолға алынған бастамалар оның әлеуетінің әлі толық ашылмағанын көрсетеді. Егер жүзеге асырылып жатқан жобалар белгіленген мерзімде әрі сапалы аяқталса, алдағы бірнеше жылда Абай облысы Қазақстандағы ең серпінді дамып келе жатқан индустриялық өңірлердің қатарына қосылары анық.

Эльмира ЖҮРСІНБЕКҚЫЗЫ,
Абай облысы

ЦИФРЛЫ ӘЛЕМ

25 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ

ЖАҚЫНДА MICROSOFT КОМПАНИЯСЫ ЖАҢА MAJORANA 2 КВАНТТЫҚ ЧИПІН ТАНЫСТЫРДЫ. КОМПАНИЯ ӨКІЛДЕРІНІҢ АЙТУЫНША, ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ АРҚАСЫНДА КОММЕРЦИЯЛЫҚ МАҚСАТТА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ТОЛЫҚҚАНДЫ КВАНТТЫҚ КОМПЬЮТЕРДІ 2029 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ЖАСАУҒА МҮМКІНДІК ТУАДЫ. БҰҒАН ДЕЙІН МҮНДАЙ ЖҮЙЕЛЕРДІ ІСКЕ ҚОСУ ҮШІН ӘЛДЕҚАЙДА ҰЗАҚ УАҚЫТ ҚАЖЕТ БОЛАДЫ ДЕГЕН БОЛЖАМ АЙТЫЛЫП КЕЛГЕН.

А Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ**ЖАҢА ЧИПТІҢ
МҮМКІНДІГІ ҚАНДАЙ?**

Majorana 2-нің басты ерекшелігі — оның құрамындағы кванттық биттердің, яғни кубиттердің тұрақтылығы. Кванттық компьютердің қуаты да, болашағы да осы кубиттердің сапасына тікелей байланысты. Бұрын кубиттер кванттық күйін өте қысқа уақыт қана сақтайтын. Ал жаңа чипте бұл көрсеткіш айтарлықтай жақсарған. Мамандардың айтуынша, кубиттердің тұрақтылығы мың есеге артқан. Бұл есептеулердің сенімді әрі нақты орындалуына жол ашады.

Кванттық компьютерлердің мүмкіндігі бүгінгі дәстүрлі компьютерлерден мүлде бөлек. Олар қазір шешімі қиын, ұзақ уақыт пен үлкен ресурс талап ететін күрделі есептерді әлдеқайда жылдам орындай алады. Мәселен, жаңа дәрі-дәрмек әзірлеу, климаттың өзгерісін модельдеу, жаңа материалдар жасау, энергетика саласындағы күрделі есептеулерді жүргізу секілді бағыттарда кванттық технологияның пайдасы зор болмақ.

Бұл жетістікке жетуде Agent AI деп аталатын жасанды интеллект жүйесінің де үлесі бар. Мұндай жүйе тапсырманы өздігінен жоспарлап, оны бірнеше кезең



КЕЗЕҢНІҢ КӨКЖИЕГІ

бойынша орындауға көмектеседі. Дегенмен ол ғалымдардың орнына шешім қабылдамайды. Жасанды интеллект үлкен көлемдегі ақпаратты талдап, маңызды байланыстарды көрсетеді, тәжірибелерді жоспарлауға және алынған нәтижелерді бағалауға жәрдемдеседі.

Microsoft мамандарының айтуынша, жасанды интеллект қазір зертханадағы күнделікті жұмыстың ажырамас бөлігіне айналып келеді. Ол өндіріс барысын бақылауға, өлшеу жұмыстарын автоматтандыруға, бұрын көзге түспеген ақауларды анықтауға және жаңа ғылыми болжамдар ұсынуға мүмкіндік береді. Кванттық чип жасау кезінде зерттеушілер жүздеген параметрді қатар бақылауы керек. Бұрын мұндай жұмыс апталап уақыт алса, енді жасанды интеллект көптеген есептеуді бір мезетте жүргізіп, процесті бірнеше есе жеделдетеді.

**САПАНЫ АРТТЫРУҒА
МҮМКІНДІК БЕРЕДІ**

Majorana 2 былтыр таныстырылған Majorana 1 чипінің жетілдірілген нұсқасы саналады. Majorana 1 топологиялық асқынөткізгішті қолдануымен ғылыми ортада үлкен жаңалық ретінде бағаланған еді. Топологиялық асқынөткізгіш — кванттық есептеулерді анағұрлым тұрақты етуге мүмкіндік беретін ерекше материал. Ол материяның жаңа күйін қалыптастырып, кванттық жүйенің сыртқы әсерлерге төзімді болуына жағдай жасайды.

Алғашқы Majorana асқынөткізгішінде алюминий қолданылса, Majorana 2-де қорғасын пайдаланылған. Қорғасын әдетте ауруханалар мен өндірістік нысандарда адамдар мен жабдықтарды радиациядан қорғау үшін қолданылады. Кванттық компьютерде де оның рөлі ерекше. Қорғасыннан жасалған асқынөткізгіш нәзік кубиттерді олардың тұрақтылығын бұзуы мүмкін ғарыштық әсерлерден қорғауға көмектеседі.

Алайда жаңа материалға көшу оңай болған жоқ. Мамандарға бірқатар техникалық қиындық пен өзара үйлесім мәселесін шешуге тура келген. Соған қарамастан, бұл өзгеріс құрылғы сапасын айтарлықтай жақсартқан.

Кванттық есептеу жобасы бір ғана бағыттан тұрмайды. Оның ішінде бағдарламалық жасақтама, архитектура, дизайн, материалдар құрылымы, өндірістік процестер, өлшеу жұмыстары секілді көптеген күрделі сала бар. Бір бағыттағы өзгеріс екінші бір салаға әсер етуі мүмкін. Сон-

дықтан мұндай жобада барлық байланысты қатар бақылау аса маңызды. Осы тұста AI агенттері зерттеушілерге күрделі әрі өзара тығыз байланысқан процестерді жүйелі түрде қадағалауға көмектеседі.

Жоба аясында жиналған дерек көлемі де орасан. Шамамен жиырма жылға жуық уақыт бойы жинақталған мәлімет әртүрлі форматта сақталған. Бұған дейін бұл деректер бөлек-бөлек жүйелерде қалып, толық пайдаланылмай келген. Ал AI агенттері осы ақпаратты қайта саралап, бұрын байқалмаған байланыстар мен заңдылықтарды анықтай алады. Мұншалықты көп деректі бір адамның түгел қамтып, терең талдауы мүмкін емес.

Microsoft бұл жаңалықпен қатар ғылыми зерттеулерге арналған Microsoft Discovery платформасын да көпшілікке ұсынды. Бұл жүйе ғалымдарға үлкен көлемдегі ақпаратпен жұмыс істеуге, жаңа болжамдар жасауға, тәжірибелерді оңтайландыруға және зерттеу нәтижесін тезірек алуға мүмкіндік береді. Компанияның мәліметінше, платформа медицина, химия, энергетика, материалтану және өндіріс салаларында кеңінен қолданыла бастаған.

Кванттық команда бірнеше елде жұмыс істейді. Олардың арасында физика, механикалық инженерия, өндірістік процестер



инженериясы және басқа да сала мамандары бар. Бір адамның бәрін бірдей терең меңгеруі мүмкін емес. Бұл — пәнаралық ғылыми зерттеулерге тән ортақ мәселе. Сондықтан Microsoft командасы ақпаратты жүйелеу, талдау және оны басқа мамандарға оңай табуға мүмкіндік беру үшін арнайы AI агентін әзірлеген.

Жасанды интеллект әртүрлі саладағы білімді біріктіріп, ортақ жүйеге түсіре алады. Бұл мамандардың бір-бірінен жеке-жеке сұхбат алуына немесе өзге бағытты ұзақ уақыт зерттеуіне кететін уақытты үнемдейді. Агенттік жасанды интеллект қысқа уақыт ішінде мол ақпаратты қатар өңдеп, зерттеушілерге нақты ұсыныс бере алады. Бірақ соңғы шешімді бәрібір адам қабылдайды. Ал ғалым әрдайым процестің ішінде болады.

**AMANAT**
MEDIA GROUP**AIQYN**

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫБас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТГүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасарыМадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редакторЕлдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Салтан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Ерболат ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баир ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы
Эльмира ЖҮРСІНБЕКҚЫЗЫ –
Абай облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:**
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

Тапсырыс №4767
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,